Сыртқы факторлар мен әлемдік тренд әсері
4 - бет ҚАРЖЫ

Нақты жалақы төмендеп кеткен
6 - бет ҚАРЖЫ

Сатушылардың жауапкершілігі қандай?
8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады //13 ТАМЫЗ 2020 ЖЫЛ

АДАМЗАТТЫҢ АЛЫБЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев: АБАЙ – РУХАНИ РЕФОРМАТОР

10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Биылғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ойшылдың 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға.
Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша үкімет онышы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді.

Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. «Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз. Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды, – деп жазды мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында. – Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс».

Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз керек. Себебі ұлт ретіндегі жаңару идеясы да оның көзқарасымен үндесін жатқаны анық. Сондықтан біз оның терең ойларына, келешектің келбетіне үнілген көрегендігіне таныркаудан жалыққан емеспіз, дей келіп Қасым-Жомарт Кемелұлы ешқашан маңызын да, құндылығын да жоғалтпайтын Абай ілімінің бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келетініне назар аударып, ұлт ұстазының мұрасына жүгінуге шақырады.

Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Екінші, тәрбие мәселесі. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет. Үшінші, жаңа кәсіп игеру. Ақын әр қазақ өз ісінің шеберi болса деп армандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте. Төртінші, ынтымақ мәселесі. Абай әрдайым қоғамның берекебірлігін арттыруға ден қойды. Ол «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды. Біз аса күрделі кезеңді бастан өткердеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр.

Ұлы данышпан елдік мүддені әрдайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың рухани азығына айналған мұра қалдырды. XXI ғасырға қадам бассақ та, Абайдың көзқарасы заманауи ізгілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір мәрте көз жеткіземіз.

Біз Абайды ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттімізміз. Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс! Халқымыздың ұлы перзентінің торқалы тойы құтты болсын!

► ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

Risers	Last	%△1D	%△1M
KZAP 12.08.20 14:01	5 947,00	+1,04	+5,75
HSBK 12.08.20 13:59	114,64	+0,65	-10,08
KCEL 12.08.20 13:47	2 544,00	+0,55	+1,39
CCBN 05.08.20 15:00	228,50	+0,07	-0,78
KZTK 12.08.20 13:58	26 681,00	+0,00	+5,52
Индекс KASE 12.08.20 13:59	2 430,32	-0,22	+1,00

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%△1D	%△1M
MM Index 11.08.20 17:32	8,14	+0,46	+0,46
TONIA 12.08.20 13:56	8,43	+0,32	+0,68
SWAP-1D (USD) 12.08.20 13:16	8,60	+0,09	+1,19
TWINA 12.08.20 13:58	8,97	+0,56	-0,20
SWAP-2D (USD) 11.08.20 16:45	8,11	-0,43	+0,06
KazPrime-3M (KZT) 12.08.20 11:33	10,50	0	-1,00

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
FINb3 11.08.20	0.00	–
ATFBe7 11.08.20	0.00	–
TEBNe1 07.08.20	0.00	–
EABRb9 06.08.20	9.75	–
BTASe16 06.08.20	0.00	–
ECTRe1 05.08.20	5.00	–

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
NTK364_2598 12.08.20	9.80	–
MUM144_0001 12.08.20	10.30	–
MUM132_0005 12.08.20	10.30	
NTK364_2580 11.08.20	8.82	
NTK028_2661 11.08.20	9.25	–
NTK091_2662 07.08.20	9.43	–

► ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер

KASE	2 435.65	0.94% ↑
FTSE 100	6192.51	0.62% ↑
CAC 40	5037.93	0.20% ↑
S&P 500	3362.00	0.85% ↑
Dow Jones	27930.00	0.88% ↑
Nikkei 225	22834.00	-0.37% ↓
DAX	12925.20	-0.17% ↓
SSE Comp	3318.58	-0.65% ↓

12 Тамыз 2019

Тауарлар

Мұнай	44.94	0.99% ↑
Алтын	1 939.65	-5.13% ↓
Платина	944.00	-4.26% ↓
Палладий	2 113.00	-4.82% ↓
Никель	14 195.00	-1.28% ↓
Алюминий	1 766.00	-0.79% ↓
Күміс	28.28	0.04% ↑

12 Тамыз 2019

Валюта нарықтары

USDKZT	417.99	-0.08% ↓
EURKZT	492.68	0.15% ↑
USDRUB	73.1652	0.02% ↑
USDUAH	27.5260	-0.12% ↓
USDBYN	2.4581	-0.18% ↓
EURUSD	1.1747	0.07% ↑
GBPUSD	1.3049	0.01% ↑

12 Тамыз 2019

COVID-19

«Коронамобильдер» көмекке әзір

Еліміздің ең ірі автомобиль холдингі денсаулық сақтау жүйесіне коронавируспен күресуге жәрдемдесуде. «БИПЭК АВТО – АЗИЯ АВТО» компаниялар тобы қазақстандықтарға көмек ретінде Өскеменде шығарылған LADA автомобильдерінің кезекті партиясын берді.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Бұл қауіпті дертпен күресте компанияның бірінші қолдауы емес. Төтенше жағдай кезінде холдинг жедел қызметтер мен еріктілердің қарамағына вируспен күресуге арналған 80 жаңа автомобиль жөнелткен болатын. «БИПЭК АВТО – АЗИЯ АВТО-ның» екі жүз еріктілер экипажы COVID-19-бен күресуге Қазақстанның түрлі өңірлеріне жіберілген. Енді ерікті-жүргізушілермен бірге LADA маркалы тоғыз автомобиль Шығыс Қазақстан облысының орталығында инфекциямен күресушілердің қатарын толықтырды. Мұндай көліктер қала жұртшылығы арасында «вируспен қарсы», «коронамобильдер» атауына ие болды.

Экипаждар санитарлық өңдеу жүргізу үшін СЭС мамандарымен инфекцияның таралу ошағына шығады, медперсонал мен еріктілерді тасымалдайды, азық-түлік себетін, дәрі-дәрмектер мен қорғаныш құралдарын жеткізеді. «Бәрі жақсы болады!» деген ұранмен безендірілген әрбір автокөлікті жүргізушілердің еңбегі ерен. Өйткені, олар вирусты жұқтыру ықтималдығына қарамастан, қауіпті аймақтарда тапжылмай қызмет етуде. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолға алынып, санитарлық тәртіп қатаң сақталған. Ізгі істердің ортасында жүрген еріктілерге жұртшылықтың алғысы шексіз. Әсіресе, Алматы секілді алып шаһарда қозғалыс көп шектеліп, адам да, көлік те жетіспеген кезеңде осы техникалар таптырмас құрал болғаны анық. Оған қоса, көліктерді күту, сақтандыру, қосалқы бөлшектермен, жанармаймен қамтамасыз ету жұмыстарын «БИПЭК АВТО» толығымен өз мойнына алыпты.

> [5]

ЖАҢҒЫРТУ

Өндіріс озық болса – іс өнімді

Қазір әлемдік пандемияға, эпидемиологиялық ахуалға қарап күн кешкендіктен, мұның кері салдары экономикада сезілуде. Сойтсе де, күрмеулі кезеңде өндірісті тежемеген Ақсу ферроқорытпа зауыты ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып жатыр. Жоғары өнімділікті қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорын нысандары үнемі жаңғыру үстінде.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

ERG (Еуразиялық топ) құрамына кіретін «Қазхром «ТҰК» АҚ филиалы –Ақсу ферроқорытпа зауыты, әлемдегі ірі ферроқорытпа өндірушілерінің бірі. Мұнда жыл сайын 1 млн тоннадан астам өнім шығарылып, оның басым бөлігі алыс шетелдерге экспортталатыны мәлім.

> [5]

СЫН-ҚАТЕР АЯСЫНДАҒЫ ДАМУ: ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ЖҰМЫС ЖАНДАНАДЫ 2

KAZAKHS HAVE HAD A LONG HISTORY OF ESTABLISHING NATION STATE OF THEIR OWN (THE BEGINNING PART IS IN THE PREVIOUS ISSUE) 7

16+

№32 (674)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Жоғарғы палата

Сенат барлық өңірдің өкілдігін қамтамасыз етеді

12 тамыздағы Сенат депутаттарының сайлауына орай, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Facebook-тегі парақшасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес әр облыстан, астанадан және республикалық маңызы бар қалалардан бір-бірден сайланатын 17 сенаторды таңдаушылар-мәслихат депутаттары сайлайтынына назар аударған.

«Заң шығарушы билік жүйесіне сәйкес Сенат еліміздің барлық өңірінің Парламенттегі өкілдігін, Мәжіліс құрамы жаңарған кезде заңнамалық саясаттың сабақтастығын және заң жобаларының сапалы қаралуын қамтамасыз етеді. Мәжіліс депутаттарының партиялық тізімдер бойынша және Қазақстан халқы ассамблеясынан сайланатынын ескерсек, Сенатта өңірлер мүдделерінің білдірілуі аса маңызды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы заң шығарушы билікті ұйымдастырудың қазіргі жүйесі қабылданған заңдарды сапалы пысықтауды қамтамасыз ететінін тілге тиек еткен.

«Қаралатын мәселе жаңжақты әрі терең зерттеліп, заң қабылдау жұмыстары кезең-кезеңмен және қисынды жүргізілуге тиіс. Аталған жұмыстың сапасы мемлекеттік органдардың нормаларына, яғни, тұтас елдің тыныс-тіршілігіне ықпал етеді. Әр қабылданған заңның ондаған мың отбасы мен нақты адамдардың тыныс-тіршілігіне тікелей әсері бар. Осы ретте Парламент палаталарының жұмысы заң шығару үдерісінің барынша тиімді әрі теңгерімді болуына мүмкіндік береді және заңдарды елдің, сондай-ақ әр азаматтың мүддесін ескеріп қабылдауды қамтамасыз етеді», – деді ол.

Қабылданатын заңдар Қазақстан Президентінің бастамаларын заңнамалық тұрғыдан жүзеге асыруы тиіс.

«Дамудың жаңа кезеңінде Мемлекет басшысы ұсынған халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және инклюзивті экономикалық өсуге арналған жаңғырту бағдарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етудің маңызы зор», – деді Сенат Төрағасы.

Бақылау: Санитарлық талаптар

Бизнес жауапкершілігі артуы тиіс

Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов Нұр-Сұлтан қаласындағы бірқатар кәсіпкерлік нысанын аралады.

11 тамызда Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов денсаулық сақтау, мәдениет және спорт министрліктерінің, Нұр-Сұлтан қаласы әкімшілігінің басшылығының және бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қатысуымен белгіленген санитарлық жағдайлармен танысу мақсатында елордадағы бірқатар кәсіпкерлік нысанын аралады. Тексеру «Сапаржай» автовокзалына, «Артем» сауда орталығына, сондай-ақ қаладағы фитнес клубтарының біріне және қоғамдық тамақтану орындарына жүргізілді.

«Баршаның жұмысқа кірісуге мүдделі екенін түсінемін, бірақ қарапайым санитарлық талаптарды сақтауды сұраймын. Бизнес өзінің жауапкершілік деңгейін түсінуі керек», – деді Е.Тоғжанов.

Елорда нысандарын аралау қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшыларына нақты тапсырмалар берді. Өз кезегінде кәсіпкерлер санитарлық нормалар мен қадағалау органдарының барлық нұсқауларын қатаң сақтау міндетін қабылдады.

Арал тағдыры – адам тағдыры

Жаңа деректі фильм түсіріледі



Кезінде әлемдегі алып теңіздердің қатарына кірген Аралдың экологиясы бүгінде алаңдатарлық жағдайда. Осыған қарай елімізде Арал мен оның проблемаларына қатысты көптеген еңбектер жазылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді, деректі фильмдер де түсірілді.

ҚазАқпарат дереккөзіне сәйкес, қазір Арал мәселесіне арналған тағы бір деректі фильм түсірілгелі жатыр. Жаңадан қолға алынған «Возвращение моря» атты туынды осыған дейінгі еңбектерден несімен ерекшеленбек?

«Бүгінде түсірілім командасы жасақталып, жұмысқа кірісуге дайынбыз. Біздің бастамамыз мемлекет тарапынан қолдау тауып, қазіргі уақытта құжат, келісімшарттар әзірлену үстінде. Бұйырса, қыркүйек айында түсірілімді бастаймыз деп жоспарлап отырмыз», – дейді жобаның режиссері Виктор Вильковиский.

Оның айтуынша, басты мақсат – осы туынды арқылы адамдарды табиғатты қорғауға шақыру, экология мәселесіне назар аудару. Сондай-ақ судың қадіріне жете білу, оны дұрыс пайдалану мен тазалығын сақтау. Өйткені, Арал проблемасы адамдардың әрекетінен туындап отыр. Сондықтан деректі фильмді болашақта жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру мен қоршаған ортаны қорғау ісін насихаттауда пайдалануға болады.

Фильмнің негізгі сюжеті Арал теңізі мен оның маңындағы елдімекендерде түсіріледі. Одан бөлек, Алматы таулары және көршілес 5 елді байланыстыратын Сырдария, Әмудария өзендері көрініс табатын болады. Деректі фильм қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көреді.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Кезекті Үкімет жиынында эпидемияға қарсы іс-шаралар барысы баяндалды. Сонымен бірге, өткен қаңтар-шілдедегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жайы мен республикалық бюджеттің атқарылуына есеп берілді. Көтерілген мәселелер бойынша Премьер-министр Асқар Мамин қажетті шараларды жүктеді.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Сын-қатер аясындағы даму: Дағдарысқа қарсы жұмыс жандандады

Денсаулық сақтау министрі А.Цой 10 күн ішінде Қазақстанда коронавирус инфекциясының репродуктивтілігінің орташа көрсеткіші 0,92-ден 0,82-ге дейін төмендегенін баяндады. Адамдардың сауығу деңгейі 73,6%, қалғандары қажетті ем алып жатыр. Төсек орындарының жүктемесі 61%-ке, жедел жәрдем шақыру көлемі 62%-ке – 3 232-ден 1 232-ге дейін төмендеді.

«Жалпы қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде еліміздегі коронавирустың таралу деңгейі және осыған байланысты барлық көрсеткіштердің қарқынды төмендеуі тіркеліп отыр. Еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Қабылданған шешімдер өз тиімділігін көрсетіп жатыр», – деген А. Мамин, Денсаулық сақтау министрлігіне қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын Мемлекеттік комиссияның қарауына енгізуді тапсырды.

Биылғы қаңтар-шілдедегі әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындысын ұсынған ұлттық экономика министрі Р.Дәленов тауарлар өндірісі 2,1%-ке өскенін, көрсетілетін қызметтер 6,2%-ке қысқарғанын жеткізді. Жедел деректер бойынша, жалпы ішкі өнім 2,9%-ке төмендеді. Жылдық инфляция – 7,1%, бұл күтілген инфляция дәлізінен төмен (8-8,5%). Министрдің айтуынша, есепті кезеңде бірқатар жағымды үрдістер байқалуда. «Экономиканың нақты секторында – құрылыс, өндеу өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы салаларында өсім жалғасуда. Импорттың төмендеуі аясында оң сауда балансы сақталып отыр», – деді ол. Сонымен қатар, карантиндік шектеулерге байланысты сервистік қызметтер көлемінің қысқаруы, мұнай өндіру қарқынының жоспарлы төмендеуі байқалады, бұл экономика өсуін тежеген фактор болды. Нәтижесінде тау-кен өндіру өнеркәсібі 0,4%-ке төмендеді. Өндірістік секторда 2,1%-ке өсім байқалады, оның ішінде құрылыста – 6,3%, өңдеу өнеркәсібінде – 3,8%, ауыл шаруашылығында – 2,5%. Сонымен бірге, қызметтер секторы салаларында, оның ішінде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 4,3%, әкімшілік қызметтерді көрсету – 5,3%, сауда – 11,9% және көлік қызметтері – 15,6% төмендеу көрсетті. Бұл ретте байланыс қызметтері 8,7%-ке артты. Қаңтар-маусымда сыртқы сауда айналымы $42,5 млрд болды. Экспорт $26 млрд, импорт $16,5 млрд құрады. Сауда балансының оң сальдосы $9,5 млрд деңгейінде сақталуда. Министр атап өткендей, өңірлерде 7 экономикалық көрсеткіш бойынша жалпы жағдай келесідей. Карантиндық шараларға байланысты 2 көрсеткіш – сауда және көлік салаларында төмендеу байқалуда. 5 көрсеткіш бойынша Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында өсім бар. 4 көрсеткіш бойынша 7 өңірде өсу тіркелді, бұл орташа деңгей. Ал 3 өңірде 3 көрсеткіш бойынша ғана өсу байқалады. Олар – Атырау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстары. Экономикалық белсенділікті қалпына келтіру жөнінде қабылданып жатқан шараларды ескере отырып, орталық және жергілікті атқарушы органдар біратар аспектілерге назар аударуы қажет. Атап айтқанда, 2020 жылға арналған экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарды уақытылы және тиімді іске асыруды қамтамасыз ету; өңірлік дағдарысқа қарсы штабтарда кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін мүмкін болатын қолдау шараларын көрсету тұрғысынан қарау; егіннің уақытылы жиналуын және құрылыс жұмыстарының маусымын тиімді пысықтауды қамтамасыз ету; мониторинг, интервенция жүргізу, шекті бағаларды белгілеу арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның өсуіне жол бермеу; өңірлік еңбек нарықтарындағы ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу және мемлекеттік бағдарламалар жобаларын іске асыруда барынша жұмыспен қамту жүзеге асырылуы тиіс.

«Өңірлер белсендірек жұмыс істеп, экономикалық өсімді қалпына келтіру жолында қабылданған барлық шараларды тиімді іске асыруы керек. Отандық өндірісті қолдауды, инвестиция тартуды, экспортты ілгерілетуді, халықтың жұмыспен қамтылуын сақтауды және тұрақты жұмыс орындарын құруды барынша қамтамасыз ету қажет», – деді А. Мамин.

Осы орайда Үкімет басшысы өңірлік дағдарысқа қарсы штабтардың жұмысын жандандыруды, кәсіпкерлер көтерген мәселелерді шұғыл қарауды және тиісті шешімдерді қабылдауды тапсырды.

ТУҒАН ЖЕР

АБАЙ ПАРКІ

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы бұл парк – тұрғындардың сүйікті демалыс орны. Саябақ қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың құрметіне аталған болатын.Саябақтың аумағында бірнеше қоғамдық тамақтандыру орындары орналасқан және онда көркі аллеялармен серуендеп, демалуға болады. Саябақта Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған аллея, үлкен даңқ мемориалы, субұрқақ және шағын сәулет нысандары да бар.

ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА

Бағдарлама жаңартылды, өзгеріс қандай?

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасының басты мақсаты – ауылдық жерлердегі маман тапшылығын болдырмау. Ауылға барын өмір сүремін, қызмет қыламын деген жалыңды жастарды әлеуметтік қолдауға бағытталған бағдарлама қабылданғалы бері арада құмдай сусып он жыл өтті. Осы уақыт ішінде қоғамда әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алды, соған орай аталмыш бағдарламаны заман лебіне сай жаңғырту қажет болды.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Батыс Қазақстан облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының өңірлік даму және мониторинг бөлімінің басшысы Райса Еркеғалиеваның айтуынша, үкіметтің 2019 жылғы 18 ақпандағы №183 қаулысына сәйкес «Дипломмен – ауылға» жобасына қатысушыларды әлеуметтік қолдау шараларының жаңа көлемі анықталған. Оның ішінде біржолғы көтерме жәрдемақы шамасы 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК – 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап 277800 теңге), тұрғын үй сатып немесе салып алуға жыл сайынғы 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 15 жылға дейін 1500 АЕК көлемінде несие беру (2020 жылғы 1 сәуірден бастап 4167000 теңге) болып белгіленді.

– Жалпы осы бағдарламаға қатысушы мамандарға берілетін көтерме жәрдемақы 2014 жылдан бастап жергілікті бюджет «иығына» артылғаны мәлім. Ауылдық жерлерге, елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік қолдау шараларын көрсету Қағидаларына сәйкес жүргізіліп келеді, – деді Райса Еркеғалиева.

Маманның сөзіне сүйенсек, облыста 2009 жылдан бастап 2020 жылдың 1 шілдесіне дейін ауылдық жерлерге 6439 маман тартылған. Олардың 4364-і – педагог, 1230-ы – денсаулық сақтау саласының маманы, 102-сі – әлеуметтік сала маманы, 415-і – мәдениет, 140-ы – спорт, 188-і – агроөнеркәсіп кешені саласының жас маманы. Осы жылдар ішінде «Дипломмен – ауылға» жобасы бойынша оларға әлеуметтік қолдау көрсетуге 2 млрд 42 млн теңге шамасында қаражат берілді. Сонымен қатар әлеуметтік сала және агроөнеркәсіп кешенінің 3279 маманы 9 млрд 494,2 млн теңге шамасында бюджеттік несие алған.

– ҚР Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №43 бұйрығымен жоғарыда айтылған Қағидаға өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, ендігі кезекте әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бойынша тұрақты түрде жұмыс жасайтын комиссия болмайды. Әлеуметтік қолдау шаралары жергілікті атқарушы билік қалыптастырған ауылға қажет мамандарға ғана ұсынылады. Бұрын берілген несие берешектері бар мамандарға бюджеттік несие берілмейді. Бюджеттік несие тұрғын үйді жақын туыстарынан және өзі тұрып жатқан үйді сатып алуға берілмейтін болды, – деді Райса Еркеғалиева.

Жас мамандар ендігі жерде алақандай қағаз үшін әрлі-берлі сабылмайтын болды. Жоба

қағидасына енгізілген өзгерістерге сәйкес ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндігі бар анықтамалар сұратылмайды. Әлеуметтік қолдау шараларына өтініш беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалдары және «E-gov» электрондық порталы арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері біржолғы жәрдемақы бойынша 27 жұмыс күнінен 6 жұмыс күнге дейін, бюджеттік несие беру бойынша 47 жұмыс күнінен 10 жұмыс күніне дейін қысқарды. Алайда әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тек қаржы жылына бөлінген қаражат шеңберінде ғана іске асырылады. Қаражат жетпеушілік болған жағдайда мамандар кезекке қойылады және оларға бір жылдан артық емес мерзімде қолдау шаралары ұсынылуы тиіс.

2020 жылы Ақ Жайық өңіріндегі 539 маманға бюджеттік несие беруге республикалық бюджеттен 2 млрд 246 млн теңге қарастырылған. Биылғы 1 шілдедегі мәлімет бойынша 137 жас маман 530 млн теңге шамасында несие алды. Аудандарда жергілікті бюджеттерден жоба бойынша қызмет етуге келген 738 жас маманға 497 млн 700 мың теңге көлемінде әлеуметтік қолдау көрсетілген. Соның ішінде 196,3 млн теңге шамасында жәрдемақы берілген. Соңғы, 1 шілдедегі мәлімет бойынша 223 млн 600 мың теңге бюджеттік несие беріліп, 541 жас маманға 145 млн 400 мың теңге жәрдемақы төленген. Биылғы жылдың екінші жартыжылдығында тұрғын үй сатып немесе салып алу үшін бюджеттік несиені өңірдегі 411маманның алу мүмкіндігі бар. Бұл мақсатқа үкімет 1 млрд 713млн 900 мың теңге қаражат бөлген. Ең басты ескеретін мәселе, әлеуметтік қолдау шараларына ие болған мамандар сол ауылда үш жылдан кем емес мерзімде жұмыс жасауы керек.

АГРОКЕШЕН: ИНВЕСТИЦИЯ

Маңызды шаралар анықталды

Қазақстан мен Германияның агроөнеркәсіптік кешені ынтымақтастығы аясындағы жұмыстар жайлы ҚР ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров ГФР азық-түлік және ауыл шаруашылығы федералды министрлігінің парламенттік статс-хатшысы Уве Файлермен талқылады. Кездесу іскерлік және ғылыми орта өкілдерінің қатысуымен онлайн-форматта өтті, деп хабарлайды АШМ баспасөз қызметі.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Бейнеконференцияда тараптар аграрлық сала проблемаларын, оның ішінде COVID-19 пандемиясының тамақ өндірісі мен өткізуге тигізген әсерін талқылады. Сондай-ақ жобалық қызмет шеңберінде жақын арадағы бір жылға арналған тығыз ынтымақтастық бағытын белгіледі.

Саяси және қоғамдық пікірталастарда COVID-19 тақырыбы өзекті болып табылады. Коронавирус инфекциясының таралуы экономиканың барлық салаларына, соның ішінде ауыл шаруашылығына да әсер етті. Пандемияның белсенді әрекеті кезінде көптеген елдер өз шекараларын жауып, автокөліктердің қозғалысын шектеді, бұл азық-түлік өнімдерін уақтылы жеткізуге кедергі болды. Көптеген шаруашылықтар әлі күнге дейін жұмысшылардың жетіспеушілігін бастан кешуде – осы және басқа да көптеген проблемалар азық-түлік қауіпсіздігінің маңыздылығын айқындады. «Тиісті қорытынды жасап, пандемия жалғасқан жағдайда қауіп-катерге дайын болу керек. Бұл бағытты Германия Еуроодақ Кеңесіне төрағалық еткен кезден бастап стратегиялық бағыт ретінде белгіледі», – деп атап өтті өз баяндамасында парламенттік статс-хатшы Уве Фейлер.

Шаруалар үшін алға қойған мақсаттар орындалуы керек. Оларды қолдау керек. Бұл бағыттағы ілгерілеу көпжылдық қаржыландыру бағдарламасы бойынша әрі қарайғы келіссөздерге, бірлесген агроөнеркәсіп саясаты және фермерлік шаруашылық

стратегиясына байланысты. ЕАЭО-да жануарлардың әл-ауқатына және кеңейтілген қоректік құндылықтарға қатысты бірыңғай сапа белгісін құру қажет.

Бұл бағыттар Германия мен Қазақстан ынтымақтастығының екіжақты бағдарламасы шеңберіндегі жобалық жұмыстарда көрініс табады. Неміс тарапы өз аграрлық азық-түлік секторын дамытуда қолдау көрсету үшін шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға дайын екенін білдірді.

Өзкезегінде, ҚРауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров қазіргі экономикалық жағдайда қазақстандық аграрлық саланы дамыту векторлары ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді тереңдетуге, азық-түлік өнімдерін өндіруді ұлғайту есебінен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және импортты алмастыруға бағытталатынын айтты.

А.Сапаровтың айтуынша, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру үшін саланы техникалық және технологиялық тұрғыдан қайта жарақтандыруға баса назар аударылатын болады. Өсімдік шаруашылығында бірінші кезекте – сапалы тұқым, тыңайтқыштарды қолдану, заманауи техникалар. Мал шаруашылығында асыл тұқымды мал үлесі ұлғайтылады. «Бүгінгі күні ведомство алдында өндірісті барынша дамыту міндеті тұр, сол арқылы басым бағыттардағы инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы импортқа тәуелділікті азайтуға болады», – деді ол.

«Ауыл шаруашылығы министрлігі импортты алмастырумен және экспортты дамытуға тікелей байланысты салаларға инвестиция салудың ең перспективалы бағыттарын бөлді: ет, сиыр, қой және шошқа етін қоса алғанда, ет өндіру, қайта өңдеу, сүт, жеміс-жидек пен көкөністерді өндіру және өңдеу, оның ішінде жылжай көкөністері; майлы дақылдар мен дәнді дақылдарды қайта өңдеу, сонымен қатар ұсыл сайын елде және әлемде танымал бола түсетін органикалық өнімдер өндірісі», – деп толықтырды бірінші вице-министр.

Сонымен қатар, тараптар Германия-Қазақстан аграрлық-саяси диалогының екіжақты ынтымақтастық жобасын жүзеге асыруды талқылады.

ГКАПД – 2009 жылы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы федералды министрлігі арасында құрылған екіжақты ынтымақтастық жобасы.

Аграрлық-саяси диалог өкілдері бейнеконференцияға қатысушыларды алдағы жылдың жоспарларымен таныстырды. Жұмыс екі бағытта – органикалық ауыл шаруашылығын дамыту және агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. «Органикалық ауыл шаруашылығы саласы – күрделі сектор, біз осы бағытта жұмыс істей бастадық. Біріншіден, біз нарықты талдап, Еуропаға органикалық өнімдерді экспорттау мүмкіндіктерін зерттегіміз келеді. Бұл қазақстандық ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне жаңа экспорттық нарықтарға шығу перспективаларын көруге кепілдік беруі керек», – деді жобалық топтың жетекшісі Александр Барневиц.

Агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру бағытында жобалық топ «ҚазАгро» қоржынынан инвестициялау мүмкіндігі бар қазақстандық компаниялар таңдауды жоспарлап отыр. «Біз Германиядан серіктестер тауып, жаңа нарықтар аша аламыз», – деді А. Барневиц.

Кездесу соңында ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров сенімді, нақты нәтижелерге бағытталған жұмысты жалғастыруға және Қазақстан Республикасында әлеуетті жергілікті әріптестерді іздеуге жәрдем көрсетуге дайын екендігін білдірді.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров бастаған қазақстандық делегация Берлинде өткен «Жасыл апта 2020» (International Green Week 2020) халықаралық азық-түлік көрмесінің салтанатты ашылуына қатысты.

Өткен бейнеконференция іскерлік кездесудің жалғасы болып табылады, деп қорытады ведомстволық баспасөз хабарламасы. Айтса айтқандай, коронадағдарыс экономиканың өзекті салаларын қайта түлетуді талап етіп отырғаны даусыз. Осы ретте Ауыл шаруашылығы министрлігінің халықаралық деңгейде екіжақты тиімді шараларға басымдық беруі – құптарлық қадам. Енді олардың нақты іс-шаралармен бекуіне көңіл бөлген абзал болар еді.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

ERNST & YOUNG

Бәрінен көп ШОБ жапа шеккен

COVID-19 пандемиясы салдарынан туындаған экономикалық дағдарыс теңдессіз құбылыс, өйткені ол экономиканың барлық салаларына әсерін тигізді. Экономикалық дағдарыстан бәрінен көбірек ШОБ (шағын және орта бизнес) секторы зардап шекті, деп мәлімдейді өзінің https://assets.ey.com сайтында EY (Ernst&Young Kazakhstan) компаниясының сарапшылары.

Айта кету керек, Қазақстан экономикасындағы ШОБ үлесі ІЖӨ-нің 30,8%-ын құрайды және 3,3 млн адамды (жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 37%-ы) еңбекпен қамтамасыз еткен. Субъектілердің үштен-екісі және ШОБ-та қамтылғандардың жартысы еңбек өнімділігі төмен салаларда: жаппай сауда, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету салаларында.

Қазақстандық бизнеске уақтылы көмек көрсету мақсатында EY (Ernst&Young Kazakhstan) компаниясы қазақстандық және халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп, ШОБ-қа мемлекеттік қолдау шараларын бағалау бойынша Қазақстан кәсіпкерлері арасында онлайн-сұрау салу жүргізген. Қазақстанда пандемиямен күреске бағытталған қолдаудың жалпы көлемі айтарлықтай соманы – 5,9 трлн теңге немесе 2019 жылғы ІЖӨ-нің 9%-ын құрағанымен, бұл басқа елдермен салыстырғанда ең жоғары көрсеткіш дей алмаймыз делінген EY жариялаған зерттеулерде.

WORLD BANK GROUP

Дүниежүзілік банктің онлайн-брифингі өтті

Дүниежүзілік банк «Орталық Азиядағы білім беру: пандемия кезіндегі оқыту» тақырыбында 5 тамызда онлайн-брифинг өткізді. Онда коронавирус індетінің Орталық Азиядағы (соның ішінде Қазақстанда да) білім беруге және адами капиталға әсері кеңінен талқыланды.

«Коронавирус індеті білім беру және оқыту жүйесіне соншама күйреткен соққы тигізіп отыр, ал оның салдары, экономикалық шығындарды қоса есептегенде, тек Орталық Азияға ғана 44 млрд АҚШ доллары көлемінде алдағы ондаған жылдар бойы сезілер қиыншылықтарға душар етіп отыр. Ал бұл әлі ең күйзеліске түсірер болжам емес», – деді Дүниежүзілік банктің Орталық Азиядағы білім беру бойынша жетекші маманы Айша Вауда брифинг барысында.

Оның пікірінше, кейбір балаларға мақсатты және азық-түліктік қолдау көрсету қажет. Бұл олардың ақыл-есі және дене жетілуі тұрғысынан да құрдастарынан қалыспай дамуына септігін тигізеді, дейді ДБ сарапшысы.

КОМБІ ЖАЙ МАРАЛИК

Қымыз Ұлыбританияда да сұранысқа ие болуда

Жылқы сүті еуропалықтардың және американдықтардың қызығушылығын оятып жатыр. Оған зерттеуші Мишель Факсия мен оның әріптестерінің Animals журналында жарияланған ғылыми мақаласы да дәлел бола алады.

Бағасына келетін болсақ орта есеппен алғанда органикалық, пастерленген құтыдағы қымыздың 250 грамы ұлттық валютамызға шаққанда 3 650 теңге тұрады екен. Бұдан бөлек компания жылқы сүтінен жасалған қол күтіміне арналған 50 миллиграм кремдерді 10 000 теңгеге сатуда.

Кромвель фермасы Англияның оңтүстік батысындағы Сомерсет ағылшын графтығындағы Комб-Хэй ауылында орналасқан. Бұл 40 жылдан бері келе жатқан отбасылық бизнес және Ұлыбританиядағы жылқы сүтінің саудасымен айналысатын жалғыз компания, делінген Кромвель фермасына тиесілі интернет дүкен сайтында.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▸ ҰЛТТЫҚ БАНК

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖЕЛІСІ ЖЕТІЛДІРІЛДІ

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ және Clearstream арасындағы халықаралық есеп айырысу желісі жетілдірілді.

Ұлттық банк отандық қор нарығын дамыту шеңберінде биыл 10 тамыздан бастап «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ және Clearstream халықаралық бағалы қағаздар орталық депозитарийі арасындағы Delivery versus Payment (төлемге қарсы жеткізу) үлгісіне дейін Ұлттық банктің ноттары мен Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша халықаралық есеп айырысу желісінің жетілдірілгенін хабарлайды.

Delivery versus Payment стандарты бағалы қағаздарды аударумен бір мезгілде жеткізілімге ақы төлеуді көздейді, бұл тартылған тараптар үшін тәуекелдерді азайтады және ең жақсы әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Осы есеп айырысу стандартына көшу мемлекеттік бағалы қағаздар отандық нарығының өтімділігіне оң әсер етеді және қор нарығының одан әрі дамуына ықпал жасайды.

Ұлттық банк осы бағытта 2018 жылғы шілдеде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-мен және Clearstream-мен бірлесіп Clearstream жүйесінде Free of Payment (төлемсіз жеткізу) үлгісі негізінде мемлекеттік облигациялар бойынша есеп айырысуды жүргізу мүмкіндігін іске асырған болатын, бұл халықаралық инвесторлардың Қазақстанның қор нарығына қол жеткізуін жеңілдетудегі кезекті қадам болды.

▸ НҰРЛЫ ЖЕР: ТҰРҒЫН ҮЙ

ҚҰРЫЛЫСҚА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ ҚОМАҚТЫ

Биыл 15 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Осы ретте Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 1 500 инфрақұрылымдық жоба бойынша отандық кәсіпорындар 159 млрд теңгеге құрылыс материалдарын, жабдықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алғанын айтты. «Іске асырылып жатқан жобалар бойынша қазақстандық қамту үлесі 93 пайызды құрады. Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй және инженерлік коммуникацияларды сатып алу және салу бойынша жаппай тұрғын үй құрылысы салынатын аудандарда 843 млрд теңгеге 923 жоба іске асырылып жатыр», – деді ол.

Биыл бірінші жартыжылдықта 6,103 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл өткен жылғы деңгейден 7,3 пайызға жоғары. «Бағдарлама жоспарына сәйкес, биыл 14 млн шаршы метр баспана пайдалануға беру жоспарланған болатын. Бірақ үй құрылысына салынған инвестиция көлеміне қарағанда осы жылы 15 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беріп қалуымыз мүмкін», – деді Қайырбек Өскенбаев.

Ол аталған бағдарлама аясында халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін құны 457 млрд теңге болатын 315 жоба іске асырылып жатқанын атап өтті.

▸ АЛМАТЫ – НҰР-СҰЛТАН

ЖОЛДЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ҚАНША ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ?

«Алматы – Нұр-Сұлтан» автомагистралының Қарағандыдан Алматыға дейінгі 879 шақырымдық бөлігінде жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Сайранбек Бармаков осы жолды жаңғыртуға қанша қаражат бөлінгенін айтып берді. «Алматы – Нұр-Сұлтан» автомобиль жолына қатысты айтар болсам, бүгінгі күні Қарағандыдан Алматыға дейінгі ұзындығы 879 шақырым болатын учаскеде жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жолды жаңғыртуға 12 млрд теңге бөлінген, – деді комитет төрағасы. Ол жолдың кейбір учаскелерінің нашар екендігіне тоқталды. – Алматыдан бері 96 шақырым жолдың жай-күйі нашарлау. Дегенмен, ол жерде жолды күтіп ұстау жұмыстары жүргізіледі. Жөндеусіз пайдалану мерзімі аяқталып келе жатыр. Сондықтан орташа жөндеу жасалады».

Сонымен қатар ол биыл елімізде 5,8 мың шақырым жолда төлем алу жүйесі енгізілетінін атап өтті. Қазіргі уақытта республика бойынша ұзақтығы 682 шақырым болатын төрт, атап айтқанда, «Нұр-Сұлтан – Щучье», «Нұр-Сұлтан – Теміртау», «Алматы – Қорғас», «Алматы – Қапшағай» ақылы жолдары бар. «Осы учаскелерден жиналған алымдар мөлшері бүгінгі таңда 2,6 млрд теңгені құрады. Өзінөзі қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық конкурс аясында 11 мың шақырым жолда төлем алу жүйесін орнату және қызмет көрсету жөніндегі шартқа қол қойылды», – деді Сайранбек Бармаков.

Шарт аясында биыл ұзындығы 5,8 мың шақырымды құрайтын қайта жаңартудан өткізілген жол учаскелерінде төлем алу жүйесін орнату жоспарланған. «Кейін тестілік режимде іске қосылады. Қалған 5,2 мың шақырым жолға қайта жаңарту жұмыстарының аяқталуына байланысты 2024 жылға дейін ақы алу жүйесін енгізу жоспарланған», – деді ол.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▸ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА

Сыртқы факторлар мен әлемдік тренд әсері

Шілде айының басында евроның ресми құны жаңа рекорд орнатып, 43 теңгеден астам деңгейге дейін өсіп кетті. Бұл ретте доллардың да құбылмалы күй кешкенін айта кеткен орынды болар еді.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Тамыздың басында Ұлттық банктің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Нұржан Тұрсынханов бағам құруға әсер ететін факторлар туралы әңгімелеген болатын. Оның айтуынша, мұнайға бағалардың төмендеуі ішкі нарықта валютаға сұранысты төмендетеді де, өз кезегінде ол теңгеге жайсыз әсер етпек. «Валюталардың әлсіреуі – дамушы елдердің нарығындағы жалпы тренд. Мәселен, Түркия, Оңтүстік Африка мен Ресей валюталары біздікінен күштірек – тиісінше, 1,8%, 2,5% және 3,4% әлсіреген. Мұнайдан өзге, теңгеге ішкі факторлар да, сондай-ақ рубльдің серпіні де жайлы немесе керісінше, әсерлерін тигізеді. Жалпы қаржылық нарық аясында ресейлік рубль – теңге бағамы өзгерісінің бір факторы, бірақ негізгі емес», – деп атап көрсетеді ол.

Ал, рубльдің құбылмалылығына қатысты айтар болсақ, бұл жерде Қазақстанның оған еш қатысы жоқ. «Ресей – негізгі сауда әріптестерімездің бірі, импорттық өнімнің үштен бірінен астамы Қазақстанға нақ осы елден жеткізіледі. Рубльдің өзіне дәл қазір көптеген «айрықша» факторлар әсер етуде. Бұлар – батыс елдерінің ықпалшаралық риторикалары, дивиденттерді конверсиялау, олардың Орталық банкінің ынталандырушы монетарлық саясаты, сондай-ақ федералдық қарыз облигацияларынан резидент еместердің кетісі. Аталған факторлар теңге бағамына тікелей әсерін тигізбейді, сондықтан да рубль бағамының өзгерістері теңгеде тікелей көрініс таппайды», – деп түсініктеме береді Нұржан Тұрсынханов.

Енді біздің өз валютамыз бағамы не күйде екеніне зер салсақ.

ЕВРО ТАРИХИ РЕКОРДТЫ ЖАҢАРТТЫ

Еуропалық валютаның ресми құны 7 тамызда, Ұлттық банктің мәліметтері бойынша, 495 теңге 59 тиынды құраған, бұл содан бір күн бұрынғыдан 49 тиынға аз болатын.

1-инфографика

2-инфографика

Және де бұл жаңа рекорд – бұған дейін ешқашанда оның бағамы дәл осындай жоғары болмаған еді.

Евро шамамен бір ай бұрын қымбаттай бастады. Атап айтқанда,1 шілдеде оның бағамы 452,5 теңге болды. Алайда, 10 күннен кейін 465,7 теңгеге дейін көтерілді. Ал, келесі онкүндікте тағы 10 теңгеге жуық қоса түсті. 1 тамызда оның ресми құны тіпті 491,36 теңгені құрады. Осылайша, 1 шілдеден 7 тамызға дерлік евро күн сайын орта есеппен 1 теңге 13 тиынға қымбаттаған *(1-инфографика)*.

ДОЛЛАР ОДАН ӘРІ ӨССЕ, РУБЛЬ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА

Доллар да қымбаттай түсуде, бірақ біршама төмендеу қарқында. Ұлттық банктің мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылғы 1 шілде мен 7 тамыз аралығында ол өз құнын 3,5% немесе 13,94 теңгеге шейін артқан. Қазіргі (10.08.2020) ресми құны – 417,87теңге. Доллардың евродан тағы бір айырмашылығы – мұнда тарихи рекордтарға дейін әлі әлдеқайда алыс.

Ресми максимум 448,52 теңгені құрайды және ол 2 сәуірде орын алған болатын.

Рубльдің бағамы бойынша жағдай мейлінше біркелкі емес:

- 24 маусымда бағам 5,83 теңгені құрады;
- екі аптадан соң (8шілде) – 5,67 теңге;
- келесі екі аптада бағам бұрынғы деңгейіне қайтып оралды: 22 шілде – 5,84 теңге;
- 5 тамызда (яғни тағы екі аптадан соң) оның құны тағы 5,67 теңгеге дейін құлады.

Әйтсе де, ресейлік валюта үшін мұндай құбылмалылықтар соңғы айларда әдеттегі жағдайға айналған сияқты *(2-инфографика)*.

▸ ЖИНАҚ ЖҮЙЕСІ

Білім алуға қаражат қалай жиналады?

Коронавирус індеті әкелген қиындықтарға қарамастан өмір одан әрі өзінің лайықты жалғасын табуда. Осы ретте әдеттегідей мектеп бітірушілері, олардың басқа да арнайы орта білім алушы құрбы-құрдастары сияқты, барша қазақстандық жастар дәл қазір жоғары білім алуға ынта білдіріп, биік мақсаттарға ұмтылуы – заңды құбылыс.

ИСА ҚАМБАР

Соның ішінде өз ата-аналарына ауыртпалық салмай, мүмкіндігінше оқуымен қатар жұмыс істеп, қаражат табулары арқылы қаржылай қиындықтардан өздерінің еңбектерімен шығуға ұмтылған жастарға риза боласың. Әйтсе де, осындай қиын сәтте білім алуды мемлекеттің өз қамқорлығына алып, түрліше көмек көрсетулері арқылы жастарды соңғы кездері айтарлықтай демеп отырғаны қуантады. Солардың қатарында жинақтаушы сақтандырудың тигізер көмегі ауқымды.

Атап айтар болсақ, өмірді жинақтаушы сақтандыру – бұл банк депозиттеріне балама құрал, оны азаматтар өздерінің өмірлік жоспарларын іске асыру, ірі көлемде сатып алулар жасау және жинақтарын арттыра түсетін қаражат жинау үшін пайдаланады. Жинақтаушы сақтандырудың артықшылығы – сақтандыру қорғауда бола тұрып, ақша жинау мүмкіндігіне де ие болу.

Азаматтардың әл-ауқатының өсуімен қатар жинақтаушы сақтандыру өнімдеріне деген сұраныс та өсуде. Жинақталған қаражаттың маңыздылығын түсіне келе, қаржылық сауатты азамат олардың сақталуы мен одан әрі арта түсуін қамтамасыз етіп қоймай, өз инвестицияларынан айырылу тәуекелін барынша азайтуға тырысады. Әрине, әркімнің қаражат жинау мақсаты инвестициялық болашағы сияқты әртүрлі болатыны сөзсіз. Әлемде қаражатты ұзақ мерзімді перспективаға, мәселен, баланың біліміне, біліктілікті арттыруға, жылжымайтын мүлік сатып алуға және тағы да көптеген мақсаттарға жинауға мүмкіндік беретін жинақтаушы сақтандыру өнімдері үлкен сұраныска ие.

Қазақстанның сақтандыру нарығының да жинақтаушы сақтандыру өнімдерін енгізу және дамытудағы әлеуеті зор.

Соңғы 4 жыл ішінде «өмірді сақтандыру» сыныбы сақтандыру сыйлықақыларының айтарлықтай өсуін көрсетіп отыр (инфографика).

Өмірді сақтандырудың жинақтау өнімдері инвесторлар мен тұтынушылар үшін неғұрлым тартымды болып келеді, соңғы жыл ішінде жасалған жинақтау сақтандыру шарттарының саны 4 есе көбейген.

2013 жылдан бастап Қазақстанда Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі жұмыс істейді, оның көмегімен Қазақстанның кез келген азаматы Қазақстанда, сонымен қатар шетелде ақылы кәсіби және жоғары білім алу үшін ақша жинай алады, деп түсіндіреді халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға арналған FinGramota сайты.

Аталған жүйе ата-аналарға бала туғаннан кейін оның білім алуына ақы төлеу үшін қаражат жинауға мүмкіндік береді. Қазақстанның кез келген азаматы екінші деңгейдегі банктерде өз атына немесе баланың атына білім беру салымын аша алады және жыл сайын мемлекеттен сыйлықақы алуына болады. Осылайша, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің барлық салымшылары үшін мемлекет оның білім алуына жұмсалатын шығыстардың бір бөлігін өзіне алады.

Инфографика



Бүгінгі күні Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі салымшыларға осы жүйеге қатысу мүмкіндігімен арнайы білім беру салымдарын ашуды ұсынатын екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана жұмыс істейді. Алайда осындай өнімдерді жинақтаушы сақтандыру шеңберінде өмірді сақтандыру компаниялары да ұсына алады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, оқуға қаражат жинақтау өмірді сақтандыру компанияларының классикалық өнімдерінің бірі болып табылады. Мысалы, АҚШ-та және Еуропа елдерінде балалардың білім алуына қаражат жинақтаудың ең танымал тәсілі – бұл сақтандыру компаниясының полисі.

Банк салымдары алдындағы жинақтаушы сақтандыру шарттарының негізгі артықшылықтары сақтандыру қорғанысының болуы және толық төлем кепілдігі болып табылады (банк салымы бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасы 10 миллион теңгені құрайды).

Мысалы, ата-ана болашақта өз баласының оқуына ақы төлеу мақсатына қаражат жинау үшін оның пайдасына банкте салым ашады. Бұл ретте ата-ана қайтыс болған немесе ол I, II топтағы мүгедектікті алған жағдайда депозитте жинақталған ақша баланың оқуына ақы төлеу үшін жетпей қалуы мүмкін. Алайда ата-ана сақтандыру шартын жасаған болса, балаға кез келген жағдайда сақтандыру шартында жазылған оқудың толық сомасы төленеді.

Өмірді сақтандыру компанияларының Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысуы азаматтарға қаражат жинақтау мүмкіндігін және олардың толық кепілдігін ғана емес, сондай-ақ сақтандыруды қорғауды ұсына отырып, банктік салымға балама болатын жаңа қаржы құралын жасайды.

Қазіргі уақытта өмірді сақтандыру компанияларының Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу мәселесі қаржы нарығының қатысушыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен талқылануда. Осы бастамаларды іске асыру заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін мүмкін болады, деп түйіндейді www. fingramota.kz сайты.

COVID-19

«Коронамобильдер» көмекке әзір

> [1]

Яғни, бензин, сақтандыру, сервистік қызмет көрсету, қосалқы бөлшектерді қоса алғанда, барлық көлік шығындарын және жүргізушілердің жалақысын «БИПЭК АВТО – АЗИЯ АВТО» өзі төлейді.

Қазақстандағы коронавирустың алғашқы толқынының қорытындылары бойынша еріктілердің жұмысын қамтамасыз етуге және автомобильдерге қызмет көрсетуге арналған «БИПЭК АВТО – АЗИЯ АВТО-ның» жалпы шығындары 73 млн теңгені құрады. Олардың ішінде, холдингтің жанар-жағармайға арналған шығындары – 13 млн теңге (84 мың литр бензин), жүргізушілердің жалақы қоры – 48 млн теңге.

– Өкінішке орай, эпидемия жүздеген отандастарымыздың өмірін жалмады. Мыңдаған адам осы дертпен бетпе-бет келіп, арпалысуда. Осы шарасыз жандарға жедел қол ұшын созып, қолдау қажет. Біздің LADA Granta және LADA Largus автомобильдеріміз инфекцияға қарсы тұруда таптырмас көмекшілер болады деп үміттенеміз. Барша қазақстандықтарға мықты рух пен оптимизм тілейміз. Біз барлық қиындықты еңсеріп, түбінде жеңіп шығатынымызға сенеміз, – дейді «БИПЭК АВТО Қазақстан» АҚ сату департаментінің директоры Ренат Мухамедов.

Сонымен қатар, компания Шығыс Қазақстан облысы ауруханаларына, ауру тасымалдаушылармен тікелей қарым-қатынас аумағында қызмет етіп жүрген мамандарға, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскерилерге 10 мың қорғаныш маскасын тегін үлестірді.

– Медицина қызметкерлері мен Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарына көрсеткен көмектері үшін «БИПЭК АВТО-ға» зор ризашылығымызды білдіреміз. Компания берген мобильдік бригадаларға арналған автомобильдер осы қиын уақытта шақыртуларға, науқастарды аурудан арашалауға барады. Карантин күшейтілген кезеңде «БИПЭК АВТО – АЗИЯ АВТО» компаниялар тобы өз қызметінің әлеуметтік бағытын тағы да дәлелдеді. Біз бірге міз! – дейді Өскемендегі «Ана мен бала орталығы» балалар ауруханасының директоры Ермек Омарбеков.

Атап өтерлігі, холдинг бетпе-бет келген қиындықтарға қарамастан, бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша «БИПЭК АВТО – АЗИЯ АВТО» Қазақстандағы автомобильдер нарығының абсолютті көшбасшысы ретіндегі орнын сақтап қалды. Топтың үлесіне елде сатылған жаңа автомобильдердің 32,9%-і және республиканың жеңіл автомобильдер өнеркәсібі шығарылымының жартысына жуығы (46%) тиеді. «АЗИЯ АВТО» зауыты саладағы №1 салық төлеуші мәртебесін растады – холдингтің салық төлемдерінің жалпы сомасы 2,98 млрд теңгене жетті.

Пандемиямен байланысты шектеулерге қарамастан, зауыт өндіріс көлемін ұлғайтып, бірқатар модельдердің: KIA Seltos кроссоверін, жаңа буынды LADA 4x4, LADA Vesta және вариаторлы XRay, сонымен қатар автоматтандырылған трансмиссиямен UAZ Patriot өндірісін игере алды. Жыл соңына дейін қазақстандықтарға KIA Optima (K5) седанының келесі буынын, сондай-ақ KIA Sorento және KIA Rio жаңартылған нұсқаларын ұсыну жоспарланып отыр.

«КОРОНАМОБИЛЬДЕРДІҢ» ЖҰМЫСЫ САНДАРМЕН

ЖАЛПЫ ЖҮРГЕН ЖОЛ	ЖҰҚТЫРУ ОШАҚТАРЫНА БАРУЛАР	АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТТЕРІ ТАРАТЫЛДЫ	БЕНЗИН ШЫҒЫНЫ
> 800 000 ш	310 рет	40 000 дана	84 000 литр

КОРОНАВИРУСТЫҢ АЛҒАШҚЫ ТОЛҚЫНЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША «БИПЭК АВТО-АЗИЯ АВТО» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШЫҒЫНДАРЫ 73 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ.

ЖАҢҒЫРТУ

Өндіріс озық болса – іс өнімді

> [1]



Кәсіпорынның бірегейлігі сол, онда түрлі маркалы болатты балқытуға қажетті хром, кремний және марганец қорытпаларының ірі көлемді өндірістері шоғырланған. Бәсекеге қабілеттілік жоғары техникалық жетістіктермен және ISO9001:2015 интеграцияланған сапа менеджменті жүйесінің барлық филиалдарында енгізілген және қолданыстағы TUV CERT сертификатымен, ISO 14001:2015 қоршаған ортаны басқару, BS OHSAS 18001:2007 еңбекті қорғау саласындағы менеджмент және ISO 50001:2011 энергетикалық менеджментімен расталған. Зауытта өнім сапасын арттыру, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау мақсатында қор үнемдеуші және аз қалдықты технологиялар арқылы озық жетістіктерді пайдаланумен өндіріс тұрақты жаңғыру үдерісінде.

Пандемияға байланысты қысылтаң уақытта кәсіпорын штаттық режимде жұмыс істеп, барлық өндіріс процесін ешбір өзгеріссіз атқарып жатыр. Жөндеу науқандары кесте бойынша орындалып, электрмен жабдықтаудың беріктігі мен пеш агрегаттарының, қосалқы жабдықтардың тұрақтылығын жақсартуға зор мән берілуде. Металлургиялық агрегаттың беріктігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Кәсіпорындағы №22 пешке жасалған күрделі жөндеу саладағы өнімділікті 5%-ға арттырмақ. Жұмысты тиімді ұйымдастыру пешті 90 күннің орнына 56 күннің ішінде жаңартуға мүмкіндік берді. Жөндеу уақытын оңтайландыру арқылы бұл пеш қосымша 3,4 мың метрикалық тонна феррохром өндіреді. Онда технологиялық операциялардың көпшілігі автоматты түрде іске асырылады. Заманауи автоматтандыру жүйелері қуатты тиімді пайдалану және тоқ режимін нақты бақылау есебінен қосымша энергия үнемдеуді ғана емес, сонымен бірге металлургтер еңбегінің жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Пешке орнатылған қуатты трансформатордың арқасында оның жылдық өнімі шамамен 35 мың метрикалық тонна болатын жоғары көміртекті феррохромды құрайды. Пешті қайта жөндеудің жалпы құны 2 миллиард теңгеден асады.

– Жөндеу тиімділігін арттыру бағдарламасы аясында күрделі жөндеу кестесі жасалды. Бұған қоса жөндеу жұмыстарына қажет бөлшектер мен жинақтардың көбісінің өз жеке жөндеу базамызда дайындалуы күрделі жөндеу уақытын жүйелі түрде азайтуға көмектеседі, – деді Ақсу ферроқорытпа зауыты техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі директорының орынбасары Игорь Кулешов.

Экономикалық жетістіктердің бағалы басымдығы – кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы екендігі сөзсіз. Бұл ретте Қазхром трансұлттық компаниясы еліміздің тау-кен металлургия саласындағы ең үздіктердің бірі саналатын Ұжымдық шартты енгізген. Әлеуметтік бағдарлама індеттің алдын алу және сауықтыру, демалыс жағдайын жақсарту мен салауатты өмір салтын насихаттау бағыттары бойынша жұмыс істейді. Зауытта 6 мыңнан астам жұмысшы ферроқорытпа өндірісін қамтамасыз етеді. Зауыт қызметкерлері мен олардың балалары кәсіпорын есебінен оқуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға, «Еуразия» медорталығының Ақсу филиалы дәрігерлерінің көмегімен денсаулығын нығайтуға, демалыс үйлерінде, «Ферросплавщик» мәдени-демалыс орталығының объектілерінде демалуға, қаланың және зауыттың жақсы дамыған спорт базасында спортпен айналысуға мүмкіндіктері бар.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕЛОРДА: ЖАСЫЛ ЕЛ

ЖАСТАР – ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ ҚАТАРЫНДА

Елордада «Жасыл ел» жобасы бойынша биыл алғашқы жартыжылдықта мыңнан аса жас жұмысқа орналасты.

«Жасыл ел» жобасы аясында жастар 3 санат бойынша жұмыс істейді. Атап айтқанда, 14-17 жас аралығындағы көпбалалы және аз қамтылған отбасына жататын балалар, 17-22 жас аралығындағы колледж, ЖОО студенттері және үшінші ересек топ – жұмыссыз жастар санатындағы 18-29 жастағы азаматтар, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Елорданың Жасыл белдеуінде 120-дан астам жас жұмыс істейді. Олар қала маңындағы тал-көшеттерді – қайың, ұсақ жапырақты шегіршін, қарағай, көде, боз жиде, теректерді көпсытумен және суарумен айналысады. «Астана орманы» ЖШС мекемесінде жастар 90 мың теңге жалақыға қоса «Жасыл ел» жобасынан арнайы бөлінген 35 394 теңге сыйақы алып, жұмысын жалғастыруда. Жұмыс барысында санитарлық талаптар қатаң сақталады. Жастардың бір жерге шоғырланып жұмыс істеуіне жол берілмейді. Таза ауада, ашық кеңістікте 2 метрден кем емес қашықтық сақтау қажет. Жобаға қатысушылар міндетті түрде маскамен, қолдарына қолғап киіп жұмыс істейді.

Биыл елордада студенттік құрылыс және «Жасыл ел» еңбек жасағына 1200 жас қабылданды. Былтыр квота бойынша 975 адам жұмыспен қамтылған.

СУЛАНДЫРУ

ЖЕТІ МЫҢ ГЕКТАРДАЙ ЕГІС АЙНАЛЫМҒА ҚОСЫЛАДЫ

Алматы облысының Ақсу ауданында 7 мың гектардай егіс айналымын іске қосу жоспарланып отыр.

Егістік алқаптарды сумен қамту мәселесін шешу мақсатында Қызылағаш алабындағы суармалы жүйелер құрылысының жаңа жобасы дайындалды. Бұл өз кезегінде тағы 7 мың гектар жерді суармалы сумен қамтуға мүмкіндік береді. Облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, қазіргі күні Қызылағаш су қоймасы, бастоған торабы, өзендегі магистралды канал қайта жаңыртылып, толық қалпына келтірілген.

«Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры Смайыл Куметов 2016 жылдың желтоқсан айында басталған платина құрылысының бүгінде автоматтандырылған басқару жүйесін және төтенше жағдай кезінде халықты құлақтандыруға арналған дабыл жүйесін орнату жұмыстары ғана қалғанын айтты. Қазіргі кезде бұл жұмыс жобаларының барлығы мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Оларды орнату тиісті процедуралардан кейін басталады. «Шаруа қожалықтары суармалы суға зәру болғандықтан платинадан Қызылағаш ауылының алқаптарына су жеткізіледі. 700 гектардан астам жер жандандырылатын ылғалмен қамтамасыз етілген. Су қоймасында қазірдің өзінде 20 млн текше метр су жиналған», – деді С.Куметов.

Ауданда қант қызылшасы, соя, бидай, жүгері және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының алқаптарын жандандырылатын ылғалмен қамтамасыз ету мақсатында ирригациялық жүйелерді дамыту жұмыстары қолға алынды. Осы ретте Қызылағаш алабында суару желілері құрылысының жаңа жобасын іске асырудың нәтижесінде 7 мың гектар жер егіс айналымына қосылып, сумен қамтамасыз етілетін болады. Облыс бойынша бұл көлем 140 мың гектарды құрайды. Осылайша, Қызылағаш ауылдық округінде қосымша 200-дей шаруа қожалығын құруға мүмкіндік жасалмақ. Бұл жоба қазір мемлекеттік сараптаманың қарауында. Оны сапалы жүзеге асыру үшін уақыт керек, суармалы су әзірге шығынмен болса да су қоймасынан шаруа қожалықтарының алқаптарына жеткізілуде.

Айта кетейік, қазіргі уақытта Алматы облысында ирригациялық жүйелердің ұзындығы – 17 мың шақырым. Бұл – республикадағы ең үлкен көрсеткіш.

АСТЫҚ ЖИНАУ – 2020

ҚЫЗЫЛЖАРЛЫҚ ДИҚАНДАР ЕГІНГЕ ОРАҚ САЛДЫ

Солтүстікқазақстандық диқандар жаңа егіннің астығын оруға кірісті.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сәйкес, биыл өнір диқандары 4,2 млн га жерге дәндідақылдар тұқымын септі. Оның ішінде 2,8 млн гектар алқапқа бидай егілді. Қазір егіс алқаптарында күзгі және қара бидай орағы қызған шақ, бұл ретте 5,9 мың га жердің егіні жиналады. «Облыста қара бидай орағы шілде айының соңында басталды. Бірнеше ауданда бұл науқан аяқталды. Яғни 5,1 мың га алқаптың астығы жиналды. Бұл – 86%. Әр гектардан орта есеппен 21,6 центнерден өнім алынып жатыр», – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Куандық Шақубаев.

Биыл жаз ыстық болып, астық ерте пісті. Осыған байланысты бірқатар шаруашылықтар бидай орағын бастап кеткен. Бүгінде 135,9 мың га егіннің астығы бастырылып, қамбаға 180 мың тоннадан астам бидай құйылды. «Былтыр 4,4 млн тонна бидай алдық. Өнім шығымдылығы гектарына 15,6 центнерден айналды. Биыл да сол межеден көрінбекпіз. Атап айтқанда, қамбаға 4,6 млн тонна астық құюды жоспарлап отырмыз», – деді Куандық Шақубаев.

Мамандардың айтуынша, жаңы өңірде егін жинау науқаны тамыздың 15-інен кейін басталмақ.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Ауыл шаруашылығында жаңа сақтандыру жүйесі іске қосылды

Биыл дан бастап еліміздің ауыл шаруашылығындағы міндетті заңнамалық сақтандырудың күші жойылып, оның орнына агроөнеркәсіптік кешендегі ерікті сақтандыру жүйесі іске қосылады. Ағымдағы жылдың маусымынан бастап ерікті сақтандыру бойынша барлық заңға тәуелді актілер қабылданды. «ҚазАгро» холдингінің еншілес компаниясы – ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры жүйенің операторы ретінде сақтандыру өнімдерін іске қосты, олар бойынша сақтандыру сыйақысының бір бөлігін 50 пайыз субсидиялау көзделген.

Жаңа жүйе 2004 жылдан бері жұмыс істеп келген өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандырдан бірқатар жаңалықтарымен ерекшеленеді. Біріншіден, агроөнеркәсіп кешеніндегі сақтандыру енді ерікті түрде болады. Екіншіден, салаларға шектеу жоқ. Аграрлық сектордың кез келген бағыты сақтандырылады. Үшіншіден, сақтандыру сыйақыларын мемлекет субсидиялайды. Бұл ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді ынталандыруға және сақтандыру шартын жеңілдетуге бағытталған. Сақтандыру сыйақы сомасының 50 пайызын мемлекет субсидиялайды. Ол үшін биыл республикалық бюджеттен 2,5 млрд теңге бөлінді. Жаңа жүйені өзірлеу кезінде өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандырудың проблемалық мәселелері ескерілді. Мәселен, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында жүйеде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігінің лицензиясы бар сақтандыру компаниялары ғана жұмыс істей алады. Ал, жаңа жүйеде әлемдік сақтандыру нарығында «А» рейтингі бар үш халықаралық қайта сақтандыру компаниясы жұмыс істейтін болады. Олар отандық компаниялар сақтандыратын тәуекелдерді қайта сақтандырады. Бұл сақтандыру тәуекелдері туындаған жағдайда кепілді төлемдерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Шарт жасасудан бастап төлеммен аяқталатын барлық процедуралар электронды цифрлық қолтаңба арқылы Qoldau.kz электронды платформасында жүргізіледі. Үдерістерді автоматтандыру адами факторды азайтады және жұмыстың ашықтығын қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры топырақтағы ылғалдың индексіне негізделген сақтандыру өнімдерін бекітті. Сақтандыруға жататын дәнді дақылдар – бидай, арпа, сұлы, жүгері және майлы дақылдар – күнбағыс, рапс, зығыр өнімдері болып табылады. Мониторинг жасауға қажетті ақпарат Жерді қашықтан зондтау көздерінен алынады. Ылғал деңгейінің мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі және сақтандыру жағдайының деректері автоматты түрде тіркеледі. Сақтандыру жағдайы туындағаны туралы Qoldau.kz жүйесіндегі жеке кабинетіне немесе жеке электронды поштасына келген хабарламаны алғаннан кейін сақтанушы, яғни ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші төлем жасайтын сақтандырушыға – сақтандыру компаниясына өтініш береді. Бұрыны жүйедегі алынған деректер бойынша сақтандыру жағдайларының 60 пайыздан астамы ылғалдың жетіспеуінен туындады, яғни құрғақшылыққа қатысты болды. Осыған байланысты өнімді құрғақшылықтан сақтандыру ерекше маңызға ие. Сондай-ақ егіс науқанының аяқталу мерзімі де ескеріледі. Ылғалдың жетіспеу қаупінен сақтандыру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер биыл 15 маусымға дейін сақтандыру шартын жасасуы қажет болған. Сақтандыру кезеңі 3 айды қамтиды. Яғни 15 мамырдан 15 тамызға дейінгі аралық есепке алынады. Ылғалдың шамадан тыс болуына қатысты сақтандыру келісім-шартын 15 тамызға дейін бекіту қажет. Сақтандыру үстіміздегі жылдың 15 тамызынан 15 қыркүйегіне дейінгі аралықта жүргізіледі.

Алдағы уақытта агроөнеркәсіп кешеніндегі сақтандыру өнімдерінің нарықтағы қажеттілігі ескеріліп, тізімі кеңейтілетін болады. Ауыл шаруашылығын қаржыландыруға екінші деңгейдегі банктерді тарту мақсатын көздей отырып, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешеннің басым салалары бойынша қарыздарды кепілдендіруін жаңа құралы өзірленді. Кепілдендіруді Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры 3 млрд теңгеге дейінгі кредиттерге 50 пайызға дейінгі кепілдік беру шартымен жүзеге асырады. Басым инвестициялық жобалар бойынша жоба пайдалануға енгізілгенге дейін кепілдік 85 пайызға дейінгі мөлшерді құрайды. Жоба пайдалануға берілгеннен кейін кепілдік мөлшері стандартты шарттарға дейін, яғни 3 млрд теңгеге дейінгі кредитке 50 пайызға төмендетіледі. Осы және басқа қолдау шаралары өз жемісін беруде. Мәселен, мал өсірушілерге несие және қосымша субсидия беру өз нәтижесін көрсетті. Атап айтқанда, өткен жылы ауыл шаруашылығын жалпы өнімі 5,2 трлн теңгені құрады. «ҚазАгро» холдингі 100 мың бас ірі қара мен 300 мың бас ұсақ мал сатып алуды қаржыландыруды көздеп отыр. Ауыл шаруашылығында ілгерілеу бар, мәселен, ірі қара және ұсақ мал бойынша 2,7 пайыз, жылқы бойынша 11,5 пайыз, шошқа бойынша 2,5 пайыз, құс бойынша 1,6 пайыз өсу серпіні байқалады. Өткен жылы республиканың аграрлық саласына 0,5 трлн теңгеден астам инвестиция тартылған, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 41 пайызға артық. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 14 пайызға артып, бір қызметкерге 2,4 млн теңгені құрады. Өндірістің ұлғаюы ауылшаруашылық өнімдері экспортының әлеуетіне оң әсер етіп, 3,3 млрд АҚШ долларын құрады, мәселен өткен жылы отандық ауыл шаруашылығы өнімдері әлемнің 72 еліне экспортталды.

ҚАРЖЫ

Нақты жалақы төмендеп кеткен

Экономикалық дағдарыс аумағында нақты жалақы жыл басынан бері алғаш рет маусым айында төмендеп кеткен. Қазақстанда нақты жалақының төмендеуі екінші жартыжылдықта одан әрі жалғасады, делінген Halyk Finance компаниясының арнайы талдауында.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Шілдеде құнсыздану алдыңғы айдағы 0,4%-дан 0,3%-ға дейін тежелді. Жылға шаққанда бағалардың өсуі 7%-дан 7,1%-ға дейін жеделдеген. Сарапшылар мұны азық-түлік тауарларына бағалардың қос таңбалы санға өсуімен және қызметтерге тарифтегі қымбаттауымен байланыстырады. Азық-түліктік емес тауарлардың бағалары, өткен жылға қарағанда, салыстырмалы түрде сол деңгейді көрсетуде *(1-таблица)*.

Маусымдық реттеулерді есептегенде, компанияның бағалауынша, құнсыздану 0,7%-дан 0,6%-ға дейін әлсіреген. Шілденің қорытындысы бойынша азық-түліктік тауарлардың құнсыздануы жалпы құнсыздануды 0,2-пайыздық пунктін (п.п.) қамтамасыз етіп 0,2%-ды құраған.

Жармалар (+4,7%), сарымай мен басқа да майлар (+0,6%), қой еті (+1%) қымбаттаған. Жемістер мен көкөністің (-2%), жұмыртқалардың (-2,4%) бағалары төмендеген.

Азық-түліктік емес тауарлардың бағалары 0,3%-ға артқан.

1-таблица

Тұтыну инфляциясы, ск



Ақпарат көзі: ҰЭМ СК, Halyk Finance

2-таблица

Тауарлар мен қызметтерге бағалардың өзгеруі, %

	Шілде 2020 ж.				Шілде 2019 ж.	
	Бір айда	Бір айда ск	Жыл басынан бері	12 айда	Жыл басынан бері	12 айда
	0.3	**0.6**	**4.4**	**7.1**	**2.8**	**5.4**
	0.2	**1.1**	**7.6**	**11.0**	**6.0**	**8.7**
Барлық тауарлар мен қызметтер	1.2	1.3	6.7	15.6	5.5	12.1
Азық-түлік тауарлары	0.3	0.6	6.7	15.7	7.0	11.6
Нан-бөлкелер мен жармалар	2.0	1.8	16.1	13.4	8.9	2.6
Ет	0.5	0.8	8.2	9.4	2.3	5.5
Жемістер мен көкөністер	0.6	1.0	5.5	8.2	2.5	8.5
Сүт тағамдары	0.1	0.0	2.7	2.7	-4.6	-5.4
Сарымай мен басқа да майлар	-0.1	-0.9	-3.0	-0.8	-1.2	13.3
Азық-түліктік емес тауарлар	**0.3**	**0.2**	**1.7**	**9.2**	**-0.7**	**0.8**
Киім-кешек пен аяқ киім	0.2	0.4	1.9	6.1	3.5	7.5
Тұрмыстық жабдықтар	0.3	0.6	4.7	7.0	0.6	7.7
Жағармай	-0.2	0.0	2.7	2.7	-4.6	-5.4
Дизельдік отын	-0.1	-0.9	-3.0	-0.8	-1.2	13.3
Қызметтер	**0.3**	**0.2**	**1.7**	**9.2**	**-0.7**	**0.8**
Үйді күтіп ұстау, коммуналдық қызм-тер	0.6	0.3	0.6	2.4	-4.3	-3.7
Демалыс және мәдениет	0.1	-0.1	1.0	0.1	4.5	4.1
Білім беру	0.0	0.2	0.8	2.3	0.3	3.2
Медицина	0.3	0.6	4.5	6.1	8.0	8.1
Транспорт	-0.2	-0.6	3.8	4.7	0.6	2.3
Байланыс	0.1	0.0	2.0	2.4	0.7	2.3

Кестеде ТБИ-дің нағұрлым үлес салмақ компоненттері қамтылған
Ақпарат көзі: ҰЭМ СК, Halyk Finance

Антисептиктердің (+2%), бояулардың (+1,5%), кір жуатын және тазартатын құралдардың (+0,8%), дәрі-дәрмектердің (+0,7%) құндары өскен. Жанармай мен дизельдік отынның құны (-0,2% және -0,1%) төмендеген *(2-таблица)*.

«Шілде құнсыздану үшінші ай қатарынан аздаған іркілісті байқатты. Құнсыздануды маусымдық тазара түсуі де төмендеген. Дегенмен, ағымдағы жылдың жеті айындағы құнсыздану деңгейі өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда – 2,8%-дан 4,4%-ға – айтарлықтай жоғары деңгейді көрсетті», – делінген есептемеде.

Halyk Finance сарапшылары экономикалық дағдарыс салдарынан нақты жалақы төмендеуін жалғастырады, деп болжайды. «Экономикалық дағдарыс ауқымында нақты жалақы өсімі осы жылы алғаш рет маусым айында теріс көрініс байқатты. Біз нақты жалақының төмендеуі жылдың екінші жартысында да жалғасын, бұл жасырын жұмыссыздықпен (өздерін жұмыспен қамтушылар, уақытша жұмыс істемейтіндер) қатар құнсыздануға қысымды одан әрі ұстап қалуын болжап отырмыз. Біз өзіміздің құнсыздану бойынша болжамымызды ағымдағы жылдың аяғына дейін 7,3% деңгейінде болатынын айғақтаймыз», – дейді Halyk Finance сарапшылары.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

31 шілде – 7 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 7 тамызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,04%-ға (418-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 418,17 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында биылғы 31 шілде – 7 тамыз аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды.

Инвесторлардың жаһандық тәуекел дәрежесі АҚШ пен ҚХР арасындағы шиеленістің өсуі туралы хабарламалармен тежелуде: АҚШ Президенті қытайдың мобильдік қосымшаларына қарсы бағытталған жарлықтарға қол қойды, оған қоса, Президент әкімшілігі қытай компанияларының АҚШ биржаларындағы делистинг талаптарын қатаңдатуды жоспарлап отыр. АҚШ Еңбек министрлігі шілденің есебін жариялады, онда АҚШ-тағы жұмыс орындары санының (+1,763 млн адам) күткеннен де артқан өскені және жұмыссыздықтың төмендегені (10,2%-ға) көрсетіледі. АҚШ заң шығарушылары жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларға үстемеақы төлеу және жалақылардан салық төлеу бойынша демалыстарды ұзарту көзделетін экономиканы ынталандыру шараларының жаңа топтамасы жөнінде келіссөздерді жалғастыруда.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

• Ресей рублі АҚШ-та ынталандыру және қорларды сайту топтамасы бойынша келісімге қол жеткізуге үміттенуден мұнай бағасының өсуі аясында 1%-ға (74,13-тен 73,4-ке дейін) нығайды. Қаржы министрлігі 7 тамыздан бастап шетел валютасын сату операцияларының көлемін шілдемен салыстырғанда екі есе азайтады (күніне 5,7 млрд рубльден 3,1 млрд рубльге дейін);

• Индонезия рупиясы 2020 жылғы 2-тоқсанда елдің ІЖӨ-нің 5,32% ж/ж төмендегені туралы деректердің шығуы аясында 0,2%-ға (14 600-ден 14 625-ке дейін) әлсіреді (1999 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысы кезінен бері қатты құлдырау). Үкімет бюджетті қаржыландыру үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды Орталық банкке алғашқы тікелей сатуды жүргізді ($5,6 млрд);

• Үнді рупиясы 0,2%-ға (74,82-ден 74,94-ке дейін) әлсіреді. Үндістанның Орталық банкі пайыздық мөлшерлемені өзгеріссіз (4%) сақтап қалды, ары қарай төмендету туралы шешім қабылдау үшін реттеуші инфляцияның баяулағаны туралы белгілерді көруге тиіс;

• Мексика песосы 0,4%-ға (22,28-ден 22,37-ге дейін) әлсіреді. ОБ төрағасының орынбасары негізгі мөлшерлеменің жылдың соңына дейін бірнеше рет төмендеуі мүмкін екендігі туралы хабарлады. Ағымдағы мөлшерлеменің деңгейі 5%-ды (соңғы 12-айда -3 п.т.) құрайды;

• Оңтүстік Африка ранды ОАР борыштық нарығынан капиталды әкетудің жалғасуы аясында 3,3%-ға (17,07-ден 17,64-ке дейін) әлсіреді, бейрезиденттердің үлесі 8 жылда ең төменгі көрсеткішке жетті;

• Бразилия реалы мөлшерлеменің 2%-ға (-25 б.т.) дейін төмендеуі аясында 4,2%-ға (5,22-ден 5,44-ке дейін) әлсіреді. ОБ ары қарай төмендету үшін кеңістікті сақтап қалғаны туралы хабарлады.

• Түрік лирасы бюджет тапшылығы мен төлем теңгерімінің теріс сальдосы аясында тарихи минимумға дейін, 4,4%-ға (6,97-ден 7,28-ге дейін) әлсіреді. Оффшорлық нарықтардағы түрік лирасында қорландыру мөлшерлемесі ауқымды өктемдіктен кейін 1000%-ға дейін өсті, жұмада ОБ 7-күндік репо операциялары шеңберінде банктерді қорландыруды тоқтатты.



** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дерекқоздардың негізінде апта сайын дайындайды;*

*** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.*

REVIVAL OF THE SPIRITUAL VALUES

(The beginning part is in the previous issue)

Kazakhs have had a long history of establishing nation State of their own

Their scholars have developed an all-human system of cultural and civilizational hierarchy, since civilization purportedly is an inherently hierarchical concept. They tended to view Inner Asian nomads in a quite negative light, even though their opinions on the latter ones weren't unequivocal. For example, scholars such as Thornwald and Toynbee believed that nomads were unable to create a civilized society and state without help from the outside. The prevailing view among European and American researchers has been and still is that nomadic communities would not be able to get on the road of civilizational development without the help from sedentary populations. Based on that, European and other Western communities got used to viewing the likes of us through the lens of cultural supremacy. And their representatives have become accustomed to being sceptical about our perspectives on history, any and all attempts by us to glorify the Eurasian great nomadic historic figures as our national heroes.

One of them, entering into a dispute over the issue of language with his opponents, ethnic Kazakhs, who had mentioned the name of Attila in support of their allegations, just blurted out those words: *«You would've recalled Atlantis...»*.

That is the context in which no one seems irritated by the fact that the Hungarians consider themselves to be descendants of the Huns and often name their children after Attila, while the Turks, regarding themselves as the heirs of the Byzantine and the Turkic-Mongolian legacies, which were completely incompatible with each other, quite successfully manage to «sit» on two chairs and proudly bear names like Khubilai. Nobody is snapping at them because of that. Nobody is opening the eyes of the world to their fallacies.

Although it would seem quite clear to all that it simply is self-deception to believe there can be some kind of relationship between the average Turk, who is one hundred percent Caucasian, that is to say, an exemplary European, and the Chinese emperor of Mongolian origin, between a contemporary inhabitant of Hungary, historiography of which has been claiming that even later newcomers to this country from the East, the Mongols and the Ottoman Turks, greatly contributed to the nation's lag behind its peers in Christian Europe, and Attila, whom Christianity considered the most dangerous threat to the western world.

THE CLASH OF CIVILIZATIONS

It's not like we are going to debunk established ideas of some sort here, even if they are very paradoxical. But the fact remains: the Huns, when they had first appeared in front of the Europeans by the late antique period, created a wave of extremely wild horror among the latter ones just because they looked completely different from all the known (in the Mediterranean) human populations of the time.

These were Mongoloid Asians, who had never before been encountered by the inhabitants of the Greco-Roman world. European Christians therefore refused to regard those ones as human beings and called them «the fiends of hell». Many authors from the contemporaries of that distant era to Arthur Conan Doyle reflected such an attitude in their works.

In a word, the (physical) features of those newcomers to Pannonia from the Far East, were not consistent with the then European community's understanding about what a human being should be. Late antique and early medieval authors were quick to identify the Huns as the descendants of Gog and Magog, peoples with small narrow eyes, flat thick noses and wide faces. To the West as whole, they *«were an army from hell, especially in countries where witnesses had seen the swift adversaries with their yellow faces, slanted eyes and thin flowing beards»*. A typical West European account noted that *«a certain barbarous people, who are called Tartars, marched from the eastern limits long ago and in a warlike manner subjugated many regions to their imperium»* (E. Mari Historiarum Auctore Johanne de Columna, in Bouquet, XIII, 114-15).

Besides, the racial stereotypes in medieval Christian Europe and its neighboring regions appear to have been extremely conservative. It is now considered that racism was clearly a phenomenon of the modern age, largely confined to those regions dominated by Europeans. That view seems to be overly simplistic. Although the term «racism» is relatively young, and first appeared in the 1920s to characterize the National Socialist ideology in Germany, the phenomenon that is now denoted by this word appears to have first emerged much earlier. Roman soldier Ammianus Marcellinus described the Huns as *«so prodigiously ugly and bent that they might be two-legged animals, or the figures crudely carved from the stumps which are seen on the parapets of bridges»*.

The only extant description on Attila's appearance made by Priscus of Panium, a 5th-century Roman diplomat and Greek historian and rhetorician (or sophist), is as follows: *«short of stature, with a broad chest and a large head; his eyes were small, his beard thin and sprinkled with gray; and he had a flat nose and a swarthy complexion, showing the evidences of his origin»*. That description suggests, that Attila's physical appearance was most likely that of an Eastern Asian, Mongolic or Turkic man. At that time, peoples living in the Mediterranean and Middle Eastern regions, as well as in areas of Europe were not used to seeing such facial features. Not only that. They were actually not prepared to perceive East Asians (now called «Mongoloids») as human beings, with the corresponding respect, so they more than often described the latter ones in harsh and hateful terms. That's one way of looking at the matter.

THEN, WHERE DID THE KAZAKHS COME FROM THEN?

Here is another one. This is about what the Huns of 5th century and the Kazakhs of the 20th century could have in common. The Huns markedly differed from the peoples of the Middle East and West Asia, Eastern and Western Europe in their culture and customs, too. It is therefore not only quite explicable and not in any way surprising that they were perceived as being absolute strangers in those regions.

In early 2000, the Discovery Channel made the documentary about Attila and his Huns. It included a reenactment of the Battle of the Catalaunian Plains (also called the Battle of the Campus Mauriacus, Battle of Châlons, Battle of Troyes or the Battle of Maurica) that took place in 451 between a coalition led by the Roman general Flavius Aetius and the Visigothic king Theodoric I against the Huns and their vassals commanded by their king Attila. On the eve of the battle, the Hunnic ruler and commander throws a mutton shoulder into the fire and then tries to foresee the outcome of the future fight by mean of fissures on it...

And in 1953, Milton J. Clarke, an author of the American magazine National Geographic, came to the north-Indian city of Srinagar to meet with Kazakhs who were up there in transit to Turkey. He wrote an article on them. It includes a story on a fortune-telling custom that is exactly identical to what is shown in the Discovery Channel documentary about the deeds of the Huns in Western Europe. Even now you can actually find a lot of Kazakhs who practice such fortune-telling.

As for the life and traditions of the Mongols and Kypchaks who lived in the time of the conquests of Genghis Khan and his heirs, they had been thoroughly described in the three accounts, written by John of Plano Carpini (1245–47), William of Rubruck(1253–55), and John of Montecorvino (1289). Almost the entire set of customs and household details mentioned in those records remained practically unchanged among Kazakhs until the 1930's.

Before the early 1990s, I have personally heard repeatedly from elderly people about the belief (which existed when they were young) that they should not rinse the dishes after eating, because a person otherwise might let out his well-being. From the modern point of view, there is seemingly nothing to be proud of. Yet it was what it was. As the saying goes, 'no word of a song can be dropped'.

And now a few words about the relationship between Kypchaks and Kazakhs. Historians and linguists maintain that Kypchaks played a particularly important role in the formation of the Kazakh nationality. And yet such an assertion may sound strange to a modern Kazakh, who just like his predecessors, has a rather intimate understanding of the tribal structure of his own people. After all, Kazakhstani Kypchaks today mostly live in the Kostanay and Kyzylorda regions (Middle Syr Darya area), and their share of the total Kazakh population is quite low. Okay, let's focus on what is said in the authoritative and absolutely impartial Encyclopedia Britannica about the origin of the Kazakh ethnicity: *«The Kazakh people apparently were formed from a base of the Kipchak tribes that had constituted part of the population of the Golden Horde»* (British Encyclopaedia (Micropaedia), vol. 10, p. 196). It is conceivable that this idea is not developed from scratch. Therefore, we can draw the following conclusion: the Kazakhs were and are the immediate heirs of what is known as *«The Kypchak ethno-cultural community»* in the history.

Kairat KAZAKPAYEV

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ӨҢІРЛІК ДАМУ

ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРУДЕ

Биыл Түркістан қаласында 15 нысанның құрылысы пайдалануға беріледі.

Облыс орталығында салынып жатқан тұрғын үй құрылысының сапасын нақты қадағалап отыру үшін жауапты мамандар бекітіліп, құрылыс жұмыстарының барысына күн сайын мониторинг жүргізілуде. Қазіргі күні құрылыс алаңдарында үйлердің сырқы қасбеті мен ішкі әрлеу, электр желілерін тарту, есік-терезелер орнату жұмыстары жүргізілуде.

Биыл Түркістан қаласында 15 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі. Таяуда облыс орталығында бой көтерген тұрғын үй кешендері мен әлеуметтік нысандар құрылысының барысымен танысқан өңір басшысы Өмірзақ Шөкеев жұмыстың сапасына баса назар аудару қажеттігін атап айтты. Сондай-ақ облыс әкімі биыл іске қосылатын жаңа нысандар – драма театры, облыстық ғылыми-өмбебап кітапхана, Қожа Ахмет Яссауи мұражайы, «Тұңғыш Президент саябағы», Желілік саябақ құрылыстарын аралап көрді. Құрылыс жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатқаны атап өтілді.

ТЕМІР ЖОЛ

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ БІРШАМА АРТТЫ

Биыл алғашқы жартыжылдықта автомобиль көлігімен шамамен 1,4 млрд тонна жүк тасымалданды.

Пандемия мен карантиндік іс-шаралар іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және жүктерді жеткізу географиясының қысқаруына байланысты жалпы тасымал көлемінің азаюына қарамастан, автокөлікпен жүк тасымалдаудан түскен табысқа әсер етпеді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметіне сәйкес, биыл 6 айда автокөлікпен жүк тасымалынан түскен табыс 80,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға артық (74,7 млрд теңге). «Биылғы 6 айда автомобиль көлігімен шамамен 1,4 млрд тонна жүк тасымалданды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға аз (1,57 млрд тонна). Осы жылдың 6 айында автомобиль көлігімен жүк айналымы 69,5 млрд тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 14%-ға аз (80,5 млрд тонна)», делінген хабарламада.

Алғашқы жартыжылдықта темір жол көлігімен 196,6 млн тонна жүк тасымалданған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,3%-ға артық. Пандемия кезінде жүк тасымалы штаттық режимде жүзеге асырылды. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешіміне сәйкес, сондай-ақ коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында 157 жүп пойыздың 129 жұбы (жол шаруашылығына арналған 28 жүп пойыз) қатынауын тоқтатты. 13 мамырда Ведомствоаралық комиссия отырысында эпидемияға қарсы шаралары сақтай отырып, ел ішінде пойыздардың қозғалысына рұқсат беру туралы шешім қабылданды. Жалпы 1 маусымнан бастап ел ішінде 93 жүп пойыз жолға шықты. 36 мемлекетаралық пойыз мемлекеттік шекара ашылғаннан кейін жүре бастайды. 2 шілдеде Экономика өсімін қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын шектеу туралы шешім қабылданды. Жалпы, 35 жүп пойыздың қозғалысы уақытша тоқтатылды. 5 шілдеден бастап 25 қала маңы пойызы мен 1 облысаралық пойыздың қозғалысы уақытша тоқтатылды.

Сонымен қатар 6 айда автокөлікпен шамамен 6,5 млрд жолаушы тасымалданды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 43%-ға аз (11,4 млрд адам). Темір жол көлігімен жарты жылда 5 877 мың адам тасымалданды, көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 44,2%-ға төмен.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАРНАСЫ 73 МИЛЛИАРДТАН АСТЫ

Сақтандыру жүйесі іске қосылғаннан бергі уақыт ішінде Медициналық сақтандыру қорына 379,5 млрд теңгеге жүк қаржы жинақталды.

Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалы хабарлады. Алматы қаласы республика бойынша жарналар мен аударымдар көлемі жағынан көш бастап тұр. Жинақталған соманың бестен бір бөлігі – бұрынғыша өңтүстік астананың еншісінде. «Жалпы, сақтандыру жүйесі іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен биылғы 30 шілдеге дейінгі аралықта Алматы қаласынан қорға 73,8 млрд теңгеден астам жарна аударылды. Оның 63,4 млрд теңгесі – жұмыс берушілердің қарамағындағы жұмыскерлер үшін жасаған аударымдары болса, қалған 10,4 млрд теңге – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша еңбек ететіндерге тиесілі», – деді филиал директоры Тілеухан Әбілдаев.

Осы ретте бірыңғай жинытық төлеушілер саны да артып келеді. Алматы қаласы бойынша 2019 жылдың басынан бері өзін-өзі жұмыспен қамтыған 185 мыңнан астам адам 275,8 млн теңге көлемінде БЖТ төлеген.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

МӘДЕНИЕТ

ІС-ШАРА

Басты мақсат – құқықбұзушылықты болдырмау

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы құқық қорғау органдарымен бірлесіп, Алматы қаласындағы мамандандырылған ХҚО аумағында заңсыз әрекеттің жолын кесу үшін алдын алу шараларын жүргізді.

АЙНҮР БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Іс-шараға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының басшылығы, қауіпсіздік жөніндегі өкіл, полиция қызметкерлері және Арнайы жедел әрекет ету жасағының жауынгерлері қатысты. Шара ұйымдастырушылары автокөлік иелерін мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары аумағында өз қызметтерін ұсынатын делдалдарға сенбеуге шақырды.

– «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласындағы филиалы құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында құқық қорғау органдарының қатысуымен жүйелі түрде осындай іс-шаралар өткізіп тұрады. Анықталған құқықбұзушылық фактілері болып жатса, филиалдың қауіпсіздік қызметі ішкі тергеу жүргізіп, кінәлілерге тәртіптік жаза қолданылады. Бұл жолы да ХҚО аумағында делдалдардың заңсыз әрекеттерін болдырмау мақсатында алдын алу шараларын жүргіздік. Сонымен қатар, карантин кезіндегі сақтық шараларын, әлеуметтік қашықтықты сақтау және бетперде кию қажеттілігі жайлы түсіндірдік», – деді филиал директоры Данияр Қырықбаев.

БӘРЕКЕЛДІ!

Көркейіп келе жатқан өңір – келісті өмір

Түркістан қаласында былтыр отырғызылған алма ағаштары жеміс бере бастады. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев шаһардағы бау-бақшаға бөленген ерекше саябақтарды аралады.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Облыс әкімінің тапсырмасымен саябақтар мен орталық көшелердің бойына жеміс ағаштары отырғызылған болатын. Жасыл желекке бөленген көне қалада көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Аймақ басшысы Нұр-Сұлтан алаңы, оқушылар сарайы, ашық стадион, цифрлық кеңсе мен бассейні бар спорт кешені, қалалық саябақтардағы абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Жобаларды іске асыру барысы туралы Өмірзақ Естайұлына Түркістан қаласының әкімі Рашид Аюпов баяндады.

Облыс әкімі құрылысы аяқталуға таяған нысандарынды аралап, мердігер компаниялардың өкілдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Әкімшілік-іскерлік орталығында бой көтерген бірқатар жаңа нысанды алдағы күзде пайдалануға тапсыру көзделген.

Басқармалар ғимаратының құрылыс-монтаж жұмыстары толығымен аяқталып, жиналыстар орналастырылуда. Департаменттер ғимаратының сырты абаттандырылып, қасбетіне ою-өрнек орнатылуда. Конгресс орталығында да жұмыс қызу жүріп жатыр. Құрылысқа 300-дей жұмысшы жұмылдырылған. Руханимәдени орталықтағы жаңа нысандардың қасбеті капталып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

САУАЛНАМА

Сатушылардың жауапкершілігі қандай?

Қазақстанның Сауда кәсіпорындары қауымдастығы (ҚСКҚ) «Adal Nietpen» жобасы аясында құрамында никотині бар өнімдерді сату тақырыбында дүкен сатушылары арасында сауалнама жүргізді.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Сауалнама сұхбат әдісімен Қазақстан қалаларындағы 400 дүкен сатушысы арасында өткізілді. «Зерттеудің кейбір көрсеткіштері «Adal Nietpen» жобасының тиімділігін өлшеу үшін негізгі индикаторларды сипаттайды. Ең бастысы, сатушының жасөспірімге никотині бар өнімді сату туралы шешімінің артында не тұр, осы сауалнаманың қорытындысы бізге жағдайды толығырақ түсінуге мүмкіндік берді», – деп атап өтті ҚСКҚ басқармасының вице-президенті Жібек Әжібаева.

Нәтижесінде сатушылардың тек 37%-ы кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сатуға тыйым салуды қазіргі күнгі темекі шегуге қарсы күрестің тиімді шарасы деп санайды. Сатушылардың көпшілігі (55%) ҚР сауда нүктелерінде кәмелетке толмаған сатып алушыларға темекі өнімдерін сатуға тыйым салу толық көлемде сақталады деп санайды. Бұл ретте әрбір бесінші сатушы жағдайдың керісінше екеніне сенімді. Сатушылардың пікірінше, кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сатуға тыйым салуды сақтамаудың негізгі себебі – қаржылық себептер және табыс алу қажеттілігі (47%). Сатушылардың едәуір бөлігі (37%) темекі шегу мен никотинге тәуелділікпен күресудегі дүкен сатушыларының рөлін маңызды емес деп санайды. Сұралған сатушылардың 53%-ы өз қаласының дүкендерінде кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сату жағдайлары туралы естіген. Сатушылардың 54%-ы кәмелетке толмаған сатып алушыға темекі өнімдерін сатудан бас тартылса, олар өнімді басқа дүкеннен сатып ала алады деп санайды. Сатушылардың 20%-ы тыйымды бұзған сатушылар бұған жиі жауап береді деп санайды. Көптеген сатушылар (91%) темекі өнімдерін сату ережелерінің толық сақталуын мәлімдейді. Егер әлеуетті сатып алушының жасын анықтау қиын болса, 10 сатушының 9-ы жеке күәлікті көрсетуді сұрайды екен.

Сонымен қатар, сатушылардың темекі өнімдерін сатқаны үшін жауапкершілігі туралы пікірлер екіге бөлінді: сауалнамаға қатысушылардың 50%-ы сатушы кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сатқаны үшін жауапты болуы тиіс деген пікірді ұстанады, 46%-ы олардың жауапкершілік аясына тек дүкенде тауарды сату кіреді және балалар арасында темекі шегуге қарсы күрес үшін ата-аналар мен мемлекет жауапты деп санайды.

Сондай-ақ, сатушылар маңызды рөл атқарады, өйткені жас сатып алушылар оларға тыйым салынған өнімдерді сатып алуға келеді. Дүкендердегі сатушылар – бұл балалар темекі мен құрамында никотині бар өнімдерге қол жеткізе алатын «көпір», сондықтан «Adal Nietpen» жобасы бөлшек сауда өкілдеріне сатып алушының жасын бақылаудың маңыздылығын, сондай-ақ олардың кәмелетке толмағандардың болашағына ықтимал әсерін еске салуға бағытталған.

«Кәмелетке толмаған сатып алушылар – бұл тәжірибесіздігіне байланысты өмірлерінде көптеген жылдарға созылатын зиянды әдеттерге ие болатын аңғал жасөспірімдер. Сатушыларды біздің қозғалысқа қосыла отырып, өскелең ұрпаққа жауапкершілікпен қарауға шақырамыз», – деді ҚСКҚ атқарушы директоры Ермек Рахметов.

Осы жылдың жаз мезгілінің алғашқы айында жүзеге асқан жоба шағын бөлшек сауда өкілдеріне, соның ішінде дүкен иелеріне, кассирлерге және құрамында никотині бар өнімдер мен кәмелетке толмағандар арасында көпір бола алатын барлық адамдарға бағытталған.

Қазақстанда халықтың 22 пайызы шылым шегеді. Бұл – әлемдегі темекі тартудың ең жоғары көрсеткіштерінің бірі. Темекіге қарсы Еуразиялық коалиция сарапшыларының пікірінше, дүкен сөрелерінен темекі жарнамасы алынып тасталса, зиянды әдетке әуестердің саны азаяды. Рас, жаңа енгізілген норма қоғам санасына толықтай әсер етуі үшін бес жылдай уақыт қажет. Осы аралықта шылымды ермек еткендер саны бес пайызға дейін төмендейді.

Жалпы, халық денсаулығын қорғау жолында жақында ғана темекі өнімдерін сату және жарнамалауға қатысты жаңа заң қабылданды. Жаңа ереженің бір шарты – енді сатушылар темекі алатындардың жеке куәліктеріне қарауы керек.

Айта кету керек, Қазақстанның Сауда кәсіпорындары қауымдастығы – 1999 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Қазақстанның сауда және қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының қоғамдық коммерциялық емес бірлестігі. Бүгінгі таңда Қауымдастықтың 14 облыста, Алматы және Астана қалаларында, сондай-ақ Қырғызстан Республикасында – Бішкек қаласында, Ресейде – Омбы және ҚХР-да – Үрімші қалаларында өз филиалдары мен өкілдіктері бар. Қауымдастыққа 100 мыңнан астам жеке тұлғаларды біріктіретін 40 заңды тұлға кіреді.

БАСТАУ

Бес ауыл стартап грантын иеленді

«Болашақ» әлеуметтік-азаматтық базис» ҚБ халықтың әлеуметтік осал топтарындағы адамдарды кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға бағытталған «Бизнес-идеяларды дамыту орталығы» әлеуметтік жобасының қорытындысын шығарды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Жобадағы 25 қатысушының 5-еуі өз бизнес-идеяларын одан әрі дамытуға гранттар алды. Жоба 2017 жылдан бастап «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС қолдауымен жүзеге асырылады және осы уақыт ішінде өз бизнесін ашуды қаласа да, бірқатар себептермен оны бастай алмағандар үшін нағыз әлеуметтік демеу болды.

«Бизнес идеяларды дамыту орталығы» жобасы аясында жыл сайын байқау негізінде өз бизнесін ашуға ниеті мен идеясы бар 25 қатысушы іріктеледі. 6 ай бойы жоба қатысушылары бизнес-жоспарларды әзірлеу, бизнесті жүргізу, маркетинг және салық салу негіздеріне оқытылады. Ал оқуды аяқтағаннан кейін байқау өткізіледі, онда комиссия мүшелері – Іле ауданы әкімдігінің және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кәсіп ашуға қаржылай қолдау көрсету үшін үздік жобаларды таңдайды.

Биыл көптеген қызықты бизнес-идеялардың ішінен комиссия 5 финалистті анықтады. Олар – Темірлан Рақыш «Мал шаруашылығын кеңейту үшін ұсақ қара мал өсіру» жобасымен; Дәрігүл Бекнұсқаева «Тауық өсіру және құс күркесін ұйымдастыру» жобасымен; Карима Нұрғабылова – «Ешкі сүтін өндіру үшін ешкі сатып алу» жобасымен; Бауыржан Сәрсембай – «Велосипедтерді, самокаттар мен электромобильдерді жалға беру пунктін ұйымдастыру» жобасы және Жеңісгүл Дәулетова «Тігін цехына жабдық сатып алу» жобасымен.

«Жеңімпаздарды таңдаудың негізгі критерий – сапалы презентация, жобаны қорғау және оның тұрақтылығы. Сонымен қатар, грант бөлінгеннен кейін біз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде қолдау көрсетеміз. Біздің барлық жобаларымыз аудан басшылығы тарапынан қолдау тауып, тұрғындар тарапынан түсіністікке ие болуда», – деп атап өтті «Болашақ әлеуметтік-азаматтық базис» ҚБ құрылтайшысы және негізін қалаушысы Роза Әбілова.

«Бизнес идеяларды дамыту орталығы» жобасының авторлары жағымды үрдіс ретінде қатысушылар топтары жыл сайын гендерлік, жас және әлеуметтік құрамы бойынша әр түрлі болып келетінін алға тартады. Мысалы, осы жылдың жеңімпаздары арасындағы алты баланың анасы, «Күміс алқа» иегері Дәрігүл Бекнұсқаева: «Жобаның арқасында мен тегін және сапалы білім алып, шағын бизнесті бастауға мүмкіндік алдым. Менің ойымша, біздің жоспарлар мен талпынысымыз болашақта іске асады», – деді.

Жобаны ұйымдастырушылар оқуға қатысуға барлық ниет білдірушілер, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар азаматтар да өтініш бере алатындығын атап өтті. Мысалы, байқауға қатысушылардың бірі, мүмкіндігі шектеулі қолөнершеберіоқудан өтіп, байқау финалистері арасынан табылды және жақын арада өзінің тігін цехын ашуды жоспарлап отыр. «Маған бұл жобаға қатысу өте ұнады және ұйымдастырушыларға осындай мүмкіндік үшін ризашылығымды білдіремін. Финалистерге сәттілік пен алға қойған мақсаттарға қол жеткізуді тілеймін», – дейді Жеңісгүл Дәулетова.

Жобаның барлық финалистері 400 000 теңге көлемінде гранттар алды, сондай-ақ бизнесті мемлекеттік органдарда тіркеуге және мемлекеттік бағдарламалар есебінен қосымша қаражат тартуға көмек алды.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Рымтай САҒЫНБЕКОВА

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатай ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ақтөбе облысында: Жаңғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Телеуғалиев 8 (7292) 40-41-01

Газеттің терілуі мен бет қатталуы **«Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында** жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Көкжеғали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағынды қ
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1235.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-да басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-12-04.

МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Жетісқұдық көшесі, 175, 4-қабат.
403-бөлме (тілшілер)
тел.: 272-87-04

404-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.